1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Үй

шаруашылықтарының табыстары мен шығыстары бойынша тоқсан сайынғы сұрақнама» (коды 1255102, индексі D 004, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын т о л т ы р у д ы н а қ т ы л а й д ы .

2. Келесі анықтамалар осы нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер – еңбекақы, сыйлықақы, үстемеақы және тағы сол сияқты немесе заттай нысанда ақы төлеу (сыйақы) қарастырылған жалдану шарты бойынша жұмыс істейтін адамдар;

2) өз бетінше жұмыспен қамтылу – сыйақы мөлшері тауарлар мен қызметтерді өндіруден (өткізуден) (бұл жерде өзінің тұтынуы табыс бөлшегі ретінде қаралады) түскен табысқа тікелей байланысты жұмыспен қамтылу;

3) жұмыс берушілер – өзінің меншікті кәсіпорнын басқаратын немесе қандай да бір экономикалық қызмет түрінде тәуелсіз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және бір немесе бірнеше жалдамалы қызметкерлері бар адамдар. Жұмыс берушілердің арасындағы айырмашылықтарды жалдамалы қызметкерлердің санына байланысты өткізуге болады;

4) өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер – өз бетінше немесе бір я бірнеше серіктеспен жұмыс істейтін, өз бетінше жұмыспен қамтылу негізінде қызмет істейтін және қызметкерлерді тұрақты негізде жалдамайтын адамдар. Бірақ өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер зерттелетін кезең ішінде бір немесе бірнеше жұмыскерді тек қысқа мерзімге немесе тұрақты емес негізде жалдауы мүмкін және сол себепті ол жұмыс берушы ретінде сыныпталмайды;

5) отбасының ақы төленбейтін қызметкерлері – туысы басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) әдетте сыйақысыз жұмыс істейтін адамдар;

6) өндірістік кооператив мүшелері – қандай салада құрылғанына қарамастан, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, еңбек кооперативінің мүшесі болып т а б ы л а т ы н а д а м д а р ;

7) жұмыссыздар – халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, қаралатын кезеңде бір мезгілде мына үш негізгі критерийге ж а у а п б е р г е н д е р :

жұмыссыз болған (табысты жұмысы болмаған);
оны іздеумен белсенді айналысқан (мемлекеттік және коммерциялық жұмыспен қамту қызметіне өтінішпен бару, басылымды пайдалану немесе хабарландыру беру, кәсіпорын әкімшілігіне немесе жұмыс берушіге тікелей өтінішпен бару, жеке байланыстарды қолдану немесе жеке ісін ұйымдастыру мақсатында қ а д а м д а р ж а с а у) ;

белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге дайын болған;

8) жалдамалы жұмыспен қамтылудан түскен табыс – жалақы; жалақыға үстемеақы; ақшалай және заттай түрдегі көтермелеу төлемдерінің барлық түрлері;

каламақы; сыйлықақылар; пайдадан түскен және науқастық қағаз бойынша төлемақылар. Жеке тұлғаларда жалдану бойынша жұмыс істейтін үй қызметшілері, бала күтушілер, үй жинаушылар, аспаздар, бағбандар, хатшылар да жалдамалы қызметкерлерге жатады;

9) өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыс – жеке өзі үшін немесе оның отбасының мүшелеріне қатысты өз бетінше жұмыспен қамтылған адамдардан түскен табыс. Өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табысқа мүліктен пайыз түріндегі табыс, дивидендтер, рента және басқа да жеке меншіктен түскен табыс түрлері, сондай-ақ сыйлықтар мен әлеуметтік көмек к і р м е й д і ;

10) супервайзер – үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізуді қамтамасыз ететін және интервьюерлердің жұмысына бақылауды жүзеге асыратын статистика департаментінің қызметкері.

3. Бақылауға тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеуге қатысатын барлық үй шаруашылықтары жатады. Үй шаруашылық арының табыстары мен шығыстары бойынша тоқсан сайынғы (сәуірде, шілдеде, қазанда, қаңтарда) сұрақнамасын оны жүргізуге уәкілетті тұлға жүргізеді (бұдан ә р і – и н т е р в ь ю е р) .

Респондент үй шаруашылығының басшысы немесе үй шаруашылықтың басқаларға қарағанда шаруашылықпен көбірек айналысатын және үй шаруашылығының басқа мүшелерінің шығыстары туралы білетін мүшесі болады.

Статистикалық нысанды толтыру кезінде интервьюер Шығыстарды және табыстарды (индексі D 005) есепке алу журналын пайдалануы керек. Журналда көрсетілген барлық тауарлар мен қызметтер «Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеуді жүргізу үшін пайдаланылатын тауарлар мен қызметтердің анықтамалығына»* (бұдан әрі - Анықтамалық) сәйкес кодталуы к е р е к .

4. «Аумақтың атауы» тармағының титулдық парағында облыстың (қаланың), ауданның (қаланың) және ауылдық елді-мекеннің атауы жазылуы керек. 2-ден бастап 5-ке дейінгі тармақтар супервайзерлермен интервьюерлерге ұсынылған зерттелетін үй шаруашылықтарының тізімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес толтырылады. 7-тармақ бойынша аралау нәтижесінің коды қойылады.

5. 1, 2-бөлімдерінің «Кімге арналып сатып алынған», «Сатып алу орны», «Сатып алу мақсаты» бағандарында ұсынылған кодтардың біреуін таңдау және айналдыра сызып қоршау керек.

«Код» бағанында тауарларды кодтау Анықтамалық негізінде жүзеге асырылады. «Тауарлардың атауы» 3-бағанда зерттелінген тоқсандағы сатып алынған тауарлардың атауы жазылады.

«Сатып алу орны» бағанында 9 «басқа» кодына желілік маркетинг, қоғамдық

таратушылар, почта бойынша және басқа да әдістермен сату (жол жүру, алып барып беру, посылка) арқылы жүзеге асырылған сауда.

«Сатып алу мақсаты» бағанында «басқа» кодына салтанаттық және салт-жоралық шараларды өткізумен байланысты сатып алулар және жоғарыда аталмаған өзге де мақсаттар жатады.

«Сатып алу құны» бағанында бүтін сандарда сатып алу құны көрсетіледі.

«Бақылау сомасы» жолында барлық жолдар бойынша жинақты соманы қорықтандырады.

6. «Киімге, матаға және аяқ киімге шығыстар» 1-бөлімі зерттелетін тоқсанда үй шаруашылығының киімге, матаға және аяқ киімді сатып алуға жұмсаған шығыстарын жазуға арналған.

«Сатып алу мақсаты» 6-бағанында «қайта өңдеу» 2 кодына одан әрі қайта өңдеуге сатып алынған маталар жатады. Балалар киімін сатып алуға мектептің бірыңғай үлгідегі киімдері қосылмайды, өйткені оны сатып алу «Білім беру шығыстары» 4-бөлімінде есепке алынады.

7. «Үй тұрмысындағы заттарға, тұрмыстық техника, жиһаз және басқа да шығыстар» 2-бөлімінде үй тұрмысындағы ірі және ұсақ заттарды (ағартқыштарға, ванналар мен раковиналарды тазалауға арналған құралдарға, аяқ киім кремi, күйтабақтарға, дискілер, фотопенкаларға, ойыншықтарға, гүлдерге, бетке және қолға арналған кремдерге, дезодорантқа, қырынуға арналған жүздерге, тіс щеткасына, ерін далабына, иіс суға, төмдерге, кішкене үшкіл жаялықтарға және басқа), жиһаздар (оның ішінде жиһазды тапсырыс бойынша дайындау), электротұрмыстық аспаптар, тұрғын жайды ағымдағы ұстауға және жөндеуге материалдар, телефон аппараттары, тұрмыстық тоқыма бұйымдары, спорттық тауарлар, музыкалық аспаптар, кітаптар, кеңсе тауарлары, әшекей бұйымдар, сағаттар, жол жүруге арналған тауарлар, нәрестелерге арналған тауарлар, қол шатырлар, өзге де ұсақ электрлік бұйымдар және тағы басқаларды сатып алуға жұмсалған шығыстар есепке алынады.

Бұл бөлімде, сонымен қатар автокөлік құралдарын, оларға қосалқы бөлшектерді, автомобиль көлігіне жанар-жағар материалдарын немесе тұрмысқа қажетті ұсақ заттарды сатып алу ескеріледі.

Бұл бөлімде малды сатып алуды қоспағанда, үй жағдайында ұсталатын иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды сатып алу есепке алынады. Үй жануарларын ұстау заттарына: итке қарғылар, тізгіндер, иттерге тұмылдырықтар, балықтарға арналған аквариумдер, себеттер, мысыққа арналған табақ жатады. Мұнда үй жануарларын азықтандыруға арналған тағам өнімдері есепке алынбайды, олар Күн сайынғы шығыстар күнделігіні (индексі D 003) 4-бөлімінде есепке алынады.

Екі рет есепке алмас үшін Тоқсан сайынғы сұрақнаманың осы бөлімінде

сұрақнаманың басқа бөлімдерінде немесе сұрақнамаларда есепке алынған келесі азық-түліктік емес заттар жазылмауы тиіс:

1) Күн сайынғы шығыстар күнделігінің (индексі D 003) 5-бөлімінде есепке алынған азық-түліктік емес тауарлар: кір сабын, кір жуатын ұнтақ, ыдыс жууға арналған майлық, сіріңке, бензин және дизель отыны, газеттер (күн сайынғы және апта сайынғы) және журналдар, жеке гигиенаның өзге тауарлары (иіс және балаларға арналған сабындар, су сабындар, тіс пасталары, ұсақ электрлік бұйымдар (лампапар, батарейкалар));

2) Тоқсан сайынғы сұрақнаманың «Білім беру шығыстары» 4-бөлімінде және «Денсаулық сақтау шығыстары» 5-бөлімінде есепке алынатын азық-түліктік емес тауарлар: оқулықтар, дәрі-дәрмектер, емдеу жабдық ары мен аппараттары;

3) «Трансферттер және көмек» (8.1-сұрақ) 8-бөлімінде есепке алынған азық-түліктік емес тауарлар: фармацевтикалық өнім, туыстарына және достарына сыйға тартуға сатып алынған емдеу жабдықтары мен аппараттары.

8. «Тұрғын-үй коммуналдық шығыстары» 3-бөлім үй шаруашылығының иелігіне жататын барлық тұрғын үйлер (саяжайды қоса алғанда) бойынша тұрғын үй коммуналдық төлемдеріне шығыстарды жазуға арналған. Егер үй шаруашылығының үйі орталықтан жылытуға қосылған болса және ағаш отындармен жылытылатын болса, онда «орталықтан жылыту» және «ағаш отын» ж о л ы н т о л т ы р у к е р е к .

Егер үй жылыту жылуэлектрстанциясы немесе қазандықтар көмегімен жүзеге асырылса, үй орталықтан жылытумен жабдықталған болып саналады.

«Сұйытылған газ» жолында тамақ әзірлеуге және басқа да қажеттіліктер үшін баллондардағы газды сатып алуға жұмсалған шығыстары жазылады.

«Тарату желілері бойынша тасымалданатын газ» жолында сонымен қатар газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге төлемдер қамтылады.

«Домофон» жолында орнатуға жұмсалған еңбекақылар енгізіледі.

«Қалааралық байланыс (республика ішінде)» жолына сонымен қатар үйлерінде телефоны жоқ үй шаруашылықтары үшін байланыс бөлімшелерінен сөлесулеріне ақы төлеу, сондай-ақ, ақылы байланыс қызметтері енгізіледі.

«Ұялы байланыс» жолында байланысқа барлық төлемдер және сөйлесу карталарын сатып алуға жұмсалған шығыстар қамтылады.

«Телефонға абоненттік төлем» жолына сонымен қатар телефонмен сөйлесулерге мерзімдік төлемдер қосылады.

«Спутникті теледидар» және «кабельді теледидар» жолдарында спутникті және кабельді антенналарды орнату мен пайдалануға жұмсалған төлемдер есепке а л ы н а д ы .

«Басқа қызметтер» жолында ПИК (Пәтер иелерінің кооперативі) тұрақты төлемдері, жалпы есептегіштерге техникалық қызмет көрсетуге төлем ж не үйді

жөндеу мен ұстауға біржолғы жинау, кіреберісте темір есік орнатуға немесе қыс мезгіліне және тағы басқаларға дайындыққа төлемдер қамтылады.

3.1-сұрақта интервьюер бірінші әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстар теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүзеге асырылады.

Егер тұрғын үй коммуналдық қызметтерге жалдау ақысы қосылған болса, онда бұл сома «Тұрғын жайды жалдау ақысы» жолында есепке алынады және де басқа жолдарда көрсетілмейді.

9. «Білім беру шығыстары» 4-бөлімінде білім алуға жұмсалған шығыстар көрсетіледі.

4.1-сұрақ білім алуға байланысты үй шаруашылығының барлық шығындары туралы ақпаратты алуға арналған.

2-бағанда барлық сатылы білім қызметтеріне төлем, оқулықтар сатып алуға, мектептің бірыңғай үлгідегі киімдерін, оқушылардың көлік шығыстары, тамақтануға жұмсалған және бейресми шығыстар (мұғалімге сыйлық алу, сынып, мектеп, және басқа қорларға жинау) қосылған білім шығыстарының тізімі көрсетілген. Балабақша үшін төлемге сондай-ақ, балабақшадағы қосымша сабақтарға жұмсалған (мысалы, ағылшын тілін оқу) шығыстар есепке алынады.

Мектептен тыс үйірмелер, ән сабақтары бұл бөлімде көрсетілмейді, өйткені оларды есепке алу Тоқсан сайынғы сұрақнаманың «Жеке және өзге де шығыстар» бөлімінде жүргізіледі.

«Студенттер үшін бейресми шығыстар» және «оқушылар үшін бейресми шығыстар» жолдарына гүлдер мен сыйлықтар сатып алу шығыстары, мектеп қорына жарналар, мұғалімдерге заңсыз төлемдер және өзге де бейресми шығыстар кіреді.

«Ересектерге арналған білім» жолына компьютерлік курстар оқуына, шет тілдері курстары, бухгалтерлік есеп, хатшы-референтке арналған шығыстар кіреді.

«Ересектерге арналған білім беру бойынша басқа да шығыстар» жолына білім деңгейіне тәуелсіз басып шығару, құжаттарды көбейту және Интернет-кафе қызметтері сияқты өзге де білім беруге байланысты шығыстар кіреді.

Оқушының арқаға асатын сөмкесі мен жолдорбаларын сатып алу бұл білімге қосылмайды, өйткені оларды есепке алу Тоқсан сайынғы сұрақнаманы «үй тұрмысындағы заттар, тұрмыстық техникаға, жиһаз және басқаға шығыстар» бөлімінде жүргізіледі.

3-бағанда интервьюер бірінші әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1»

жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстар теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүзеге асырылады.

10. «Денсаулық сақтау шығыстары» 5-бөлімінде медициналық көмек алумен байланысты шығыстар көрсетіледі.

5.1-сұрақ бір тоқсанда үй шаруашылықтарының денсаулық сақтауға арналған барлық шығыстары туралы ақпарат алуға арналған.

2-бағанда емдеу құралдары мен аппараттарын, фармацевтикалық препараттарды сатып алуды қамтитын, амбулаториялық, медициналық, парамедициналық қызметтерге ақы төлеу, сонымен қатар ауруханалар, медициналық зертханалар, персоналдар, көлік және бейресми шығыстар денсаулық сақтауға жұмсалған шығыстар тізімінде көрсетілген.

«Медициналық мақсаттағы өзге де өнімдер» жолына шприцтер, медициналық таңғыш, мақта, градусник және өзгелер жатады.

«Медициналық қызметтер» жолына дәрігерлік тәжірибе, дәрігерге ал ашқы қаралу, дәстүрлі медицина есепке алынады.

«Медициналық зертхана қызметтері» жолына радиологиялық, жалпы қан талдауы, зәрдің жалпы талдауы және тағы басқа зерттеулер кіреді.

«Медбикелер мен акушерлердің қызметі» жолына қосымша медициналық персоналдардың қызметі, массаж, медбикелер мен акушерлердің өзге де қызметтері жатады.

«Мамандандырылған парамедициналық қызметтер» жолына инемен емдеу қызметтері, физиотерапевтикалық емдеу, дәстүрлі медицина төң ретіндегі дәрігерлердің қызметі және өзге де парамедициналық қызметтер кіреді.

3-бағанда интервьюер бірінші әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстар теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүзеге асырылады.

11. «Жеке және өзге де шығыстар» 6-бөлімінде ақылы қызметтерге жұмсалған жеке және өзге де шығыстар есепке алынады.

6.1-сұрақтың 2-бағанында ақылы қызметтердің тізбесі келтірілген.

«Почта қызметтері» жолында почтаның барлық қызметтері есепке алынады: почта маркаларын сатып алуды қоса, посылка жіберу, бандерольдар, хаттар, ақша аударымдары және басқа қызметтер.

«Теле, фото және радиоаппаратуралары» жолында қызмет көрсетуге, компьютерлерді баптауға және жөндеуге кеткен шығыстар қамтылады.

«Салт-жоралық қызметтер» жолында жерлеуге, ескерткіш орнатуға, әруақтар үшін шамдар сатып алуға, жаназаға дұға оқуға және басқа салт-жоралық

қызметтерге байланысты шығыстар қамтылады.

Жерлеу мен өлгендерді еске алуға байланысты емес, мысалы некелесу, сүндеттеу, шоқындыру, амандық-саулық қызметтері және тағы басқа салт-жоралық қызметтер «қызметтің басқа түрлері» (12720099-код) жолына ж а т қ ы з ы л а д ы .

«Төлемдер жүргізген үшін ақы» жолына, сондай-ақ, коммуналдық қызметтер бойынша төлемдер жүргізген үшін ақылар жатады.

«Мектептен тыс сабақтар» (09410003-код) жолында мектептен тыс бейнелеу өнері, ән, би сабақтарына; жас техниктер үйірмесіндегі және басқа да сабақтарға жұмсалған шығыстар енгізіледі.

«Саяхаттар мен демалыс үйлеріне жолдамалар» жолында, сондай-ақ, Түркияға, Қытайға және басқа да елдерге демалуға арналған сапарлар енгізіледі.

«Мейрамхана, дәмхана және осыған ұқсас мекемелер» жолына (11110000-код) салтанатты және салт-жоралық шараларды осы іспеттес мекемелерде өткізуге кеткен шығыстар енгізіледі.

«Үй жануарларын күту бойынша қызметтер» жолына арнайы шаштараздарда иттерді жуу, қылын қидыру, үй жануарларын емдеу бойынша ветеринарлық емдеу қызметтері, ауруға қарсы екпелер қамтылады. Осы бөлімде малдар үшін ветеринарлық қызметтерге шығыстар есепке алынбайды, аталған шығыстарды есепке алу тоқсан сайынғы сұрақнаманың «Өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру» 9-бөлімінде қамтылады.

3-бағанда интервьюер алдымен әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстар теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүзеге асырылады.

6.2-сұрақта бюджетке төлемдер тізбесі келтірілген. Егер үй шаруашылығы жылжымайтын мүлікке, жерге (жылжымайтын мүлік ретінде) көлікке салық және бюджетке басқа төлемдер жүргізсе, онда 3-бағанда жауаптың «Иә-1» нұсқасы белгіленеді және 4-бағанның тиісті жолында шығын сомасы жазылады.

«Бюджетке өзге де төлемдер» жолында келесі төлемдер қамтылады: кәсіпкерлік қызметке патент сатып алу, мемлекеттік баждар, әкімшілік айыппұлдар және басқа төлемдер.

6.3-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 6.4-сұрақ қойылады, «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда келесі бөлімге өту жүзеге асырылады.

6.4-сұрақта бір тоқсандағы алименттерді өтеуге кеткен ақшалай шығыстар теңгемен қ о й ы л а д ы .

12. «Көлік қызметтері» 7-бөлімінде соңғы тоқсандағы көлік қызметтеріне

жұмсалған шығыстар көрсетіледі.

Бұл бөлімде «Білім беруге арналған шығыстар» 4-бөлімінде және «Денсаулық сақтауға жұмсалған шығыстар» 5-бөлімінде есепке алынатын білім беру мен денсаулық сақтауға жататын көлік қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалған шығыстар есепке алынбайды.

«Жүктерді тасымалдау үшін көлік құралдарын жалдау» жолында көлік құралдарының барлық түрлерін жалдау есептеледі: автомобиль, теміржол, әуе, су, көлік-арба. Бұл жолда қала ішінде және елді-мекендерде, сонымен қатар олардан тысқары жерде көлік құралдарын жалдау шығыстары көрсетіледі.

3-бағанда интервьюер бірінші әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстар теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүзеге асырылады.

13. «Трансферттер және көмек» 8-бөлімінде трансферттер және көмек туралы ақпараттар көрсетіледі.

8.1-сұрақтың 2-бағанында басқа үй шаруашылықтарына берілген трансферттер тізбесі келтірілген.

3-бағанда интервьюер бірінші әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстар теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүргізіледі.

Егер көмек заттай түрде берілсе, онда нарық бағасы бойынша бағалауды теңгемен жүргізу керек.

Екі рет есепке алудан сақтану мақсатында және бұл бөлімнің мақсаты үй шаруашылығы көрсеткен көмектің түрі мен көлемі туралы деректер алу болғандықтан, «басқа» жолында Тоқсан сайынғы сұрақнаманың 1 және 2-бөлімдерінде сый ретінде есепке алынған сыйлық үшін сатып алынған азық-түліктік емес тауарлар, киім, мата және аяқ киім, сонымен қатар Күн сайынғы шығыстарды есепке алу күнделігінің (индексі D 003) 1 және 5-бөлімдерінде есепке алынған азық-түлік, сусындар және азық-түліктік емес тауарлар көрсетілмеуі тиіс.

Туыстарына және достарына көмек көрсету үшін фармацевтикалық өнімді сатып алуға жұмсалған шығыстар тек «Фармацевтикалық өнімдер» жолында ғана көрсетіледі (06110000-код) және Тоқсан сайынғы сұрақ аманың «Денсаулық сақтау шығыстары» 5-бөлімінде есепке алынбауы керек.

8.2-сұрақтың 2-бағанында үй шаруашылығының туыстарынан және достарынан алынған трансферттер тізбесі келтірілген. Мұнда күнделікті

шығыстарды есепке алу күнделігінің (индексі D 003) 2 және 3 бөлімдерінде көрсетілген сыйға алынған қайырымдылық астары және тамақ өнімдері есепке алынбайды.

3-бағанда интервьюер алдымен әрбір шығыс түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 4-бағанға тоқсандағы ақшалай шығыстары теңгемен жазылады. Осы жол бойынша «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-баған толтырылмайды және келесі жолға өту жүргізіледі. Егер көмек заттай түрде берілсе, онда нарық бағасы бойынша бағалауды тең емен жүргізу керек.

14. «Өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру» 9-бөлімінде өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өсіру туралы ақпарат, сондай-ақ жерге және малды ұстауға жұмсалған шығындар туралы ақпарат көрсетіледі.

Үй шаруашылығының жерге қолжетімділігі туралы 9.1-сұрақ зерттелетін барлық үй шаруашылығына қойылады. Егер үй шаруашылығының жеке меншігінде жер учаскесі болмаса, оны жалға алатын болса, онда оны жер учаскесіне қолжетімділігі бар деп саналады. Жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа көшеді, ал «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 9.7-сұраққа көшу керек.

9.2-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа өтеді, «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 9.4-сұраққа көшеді.

9.3-сұрақтың 2-бағанында жерге жұмсалған шығындар тізбесі келтірілген. Үй шаруашылығының жұмсаған шығыстарының түрлері бойынша 3-бағанда сомасы теңгемен қойылады. «Жер учаскесін пайдалануға байланысты өзге де шығыстар» (1.9-код) жолына сонымен бірге саяжайды ұстауға (суландыру, жарықпен қамтамасыз ету, қорғау және т.б) кеткен шығ стар кіреді.

9.4-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 9.5-сұрақ қойылады, «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 9.6-сұраққа көшеді.

9.5-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. Жауаптың қандай болғанына қарамастан келесі сұраққа көшеді.

9.6-сұрақ зерттелетін тоқсандағы егінді жинау және өткізу туралы. 2-бағанда ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі келтірілген. 3-бағанда өлшем бірліктер келтірілген: кг, тонна (теңгемен есептелетін гүлдерден басқа).

4-бағанда көрсетілген өлшем бірлікте үй шаруашылығы өсірген (гүлден басқа) сол дақылдар бойынша жиылған егіннің мөлшері көрсетіледі.

5-бағанда тұтынылған және сыйға тартылған егін мөлшері қойылады. 6-бағанда мал және құсты азықтандыруға жұмсалған егін шығысы қойылады.

7-бағанда қайта өңделген егін мөлшері көрсетіледі.

8-бағанда сатылған егін (гүлден басқа) мөлшері,

9-бағанда шығындар (бұзылу және басқа шығындар) көрсетіледі.

10-бағанда ағымдағы тоқсанда үй шаруашылығы жиылған егінді сатудан үй шаруашылығына қанша теңге түскенін жазады. 11-бағанда бұдан бұрын өндірген (алдыңғы кезеңдерден қалған қор) егіндерді сатудан түскен сома жазылады.

4, 5, 6, 7, 8, 9-бағандарда есеп заттай көріністе (кг немесе тонна, гүлден басқа) жүргізіледі, сонымен қатар жол бойынша өлшемнің бірыңғай өлшем бірлігі міндетті түрде сақталуы керек, ал 10, 11-бағандарда – құндық бағалауда (теңгемен) есепке алынады.

11-бағаннан басқа барлық бағандарда ақпарат зерттелінетін тоқсан а көрсетіледі, оларда бұрын жасалған дайындамалар есепке алынбайды.

9.7-сұрақ ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау туралы. Жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 9.8-сұрақ қойылады, «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда келесі бөлімге көшеді.

9.8-сұрақтың 2-бағанында жануарларды ұстауға кеткен шығыстар тізімі келтірілген. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 4-бағанда тоқсандағы шығын сомасы қойылады, «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 4-бағ н толтырылмайды және келесі жолға көшу жүзеге асады.

9.9-сұрақ тірі малдарды, бал араларын және құстарды сатып алу туралы. Жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда 9.10-сұрақ қойылады, «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа көшеді.

9.10-сұрақта бір тоқсанда тірі малды, бал араларын және құстарды сатып алуға кеткен шығыстар сомасы теңгемен қойылады.

9.11 және 9.12-сұрақтарда ұдайы өндіруге және өсіруге арналған тек малдардың төлдерін және құстарды және араларды, сондай-ақ малдарды етке өткізілмейтін түрлерін сату есепке алынады: бұл жұмысқа жегілетін жылқылар, есектер, қашырлар және тағы басқалар. 9.11-сұраққа «иә-1» деп жауап берген жағдайда 9.12-сұрақта сома қойылады. «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 9.13-сұраққа көшеді.

9.13-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді.

4, 5, 6, 7 және 8-бағандардың 9.14-сұрағының кестелерінде заттай тұлғалауда, ал 9 және 10-бағандар құндық тұлғалауда толтырылады. 4, 5, 6, 7, 8 және 9-бағандарда есепті тоқсанға алынған мал шаруашылық өнімдері көрсетіледі. Ал, 10-бағанда бұдан бұрын өндірілген мал шаруашылық өнімдерін сатудан түскен түсімдер сомасы көрсетіледі.

Еттің өндірісі сойыс салмағында есепке алынады, сондықтан үй шаруашылықтары ересек малды немесе құсты тірі салмақта, егер дайындау ұйымдарынан есеп алынбаған жағдайда, мал басы осы Нұсқаулыққа 1-

қосымшадағы «Жұртшылық шаруашылықтарындағы союға өткізілген мал мен құтың сойыс салмағының шығуы» кестеде келтірілген қайта есептеу коэффициенттеріне сәйкес етке есептеледі. Олар бойынша деректер 4, 7, 9 және 10-бағандарға енгізіледі. 9 және 10-бағандарында тірі малды сату құны көрсетіледі. Қосымша тағамдық ет өнімдері бұл жағдайда есепке алынбайды, өйткені ауыл шаруашылығы статистикасында қолданылатын әдістемеге сәйкес, тірі салмақта өткізілген мал тек етке ғана қайта саналады.

15. 10-бөлім үй шаруашылықтарының тауарлар мен қызметтерді өндіруі туралы ақпаратты алуға арналған.

3-бағанда интервьюер бірінші әрбір тауар түрі бойынша оның өндірісінің бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда тиісті жолдарға келесі бағандар толтырылады. «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда келесі жолға көшеді.

4-бағанда өнімнің арналуына байланысты жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. 5-бағанда ағымдағы тоқсанда өндірілген өнімнің құны теңгемен көрсетіледі, 6-бағанда ағымдағы тоқсанда өндірілген өнім құнынан сатылған өнім сомасы шығады. 7-бағанда бұдан бұрын өндірілген (қордан) өнімді өткізу сомасы қойылады.

Осы кестеде екі жол: «тамақ өнімдері» және «ұн-жарма өнімдері» көрсетелген, яғни толтырылмайды.

«Қаймақ және басқа сүт өнімдері» (01141000-код) жолында: қаймақ, қатық, кефир, қышқыл сүт өнімдері, йогурттар, қымыз, шұбат, сүт консервілері есепке алынады. Бұл жолға сүт қосылмайды, өйткені оны «Мал және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру» 9-бөлімінің «Сүт» 9.14-сұрағының (01141100-код) жолында есепке алынады.

«Жаңа пісірілген нан, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер» жолына нан, тандыр нан және нан-тоқаштың және кондитерлік өнімдердің барлық түрлері қосылады; «шұжықтар және басқа ет өнімдері» жолына – үй шұжық ары, қазы, шұжық, жая, қарта, сала (шпик), бұқтырма, ет консервілері; «басқа тамақ өнімдері» жолына – кептірілген жемістер, ауланған балықтар, саңырауқұлақтар және жоғарыдағы жолдарға қосылмаған басқа тамақ өнімдері.

Тұтыну тауарларын өндіру құны сатып алушының бағасымен (нарық бағасында) есепке алынады.

10.2-сұрақ зерттелетін тоқсанға үй шаруашылықтарының көрсеткен қызмет түрлері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

3-бағанда интервьюер бірінші әрбір қызмет түрі бойынша оның бар-жоғы туралы нақтылауы және жауаптың бір нұсқасын (иә-1, жоқ-2) қоюы тиіс. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда тиісті жол бойынша 4-баған толтырылады. «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда осы жол бойынша 4-баған толтырылмайды және

келесі жолға өту жүргізіледі.

«Сауда және дайын тамақты жеткізіп беру» (2 03 код) жолында сүтті, етті, көкөністерді және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін, сондай-ақ үй шаруашылығында дайындалған тамақтарды және сусындарды сатудан тү кен таза кірісті қоса отырып, азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сатудан түскен таза табыс есепке алынады.

«Білім беру саласындағы қызметтер» жолында үйретуші және өзге де білім беру қызметтері кіреді.

«Денсаулық сақтау саласындағы қызметтер» жолына массаж, уколдар және басқалар жатады.

«Тұрғын үйді жалға беру» жолына үйді, сонымен қатар кісі тұрмайтын (өндіріс) жайларын: гараждар, қойма орындарын жалға беруден түскен табысты қамтиды. «Өзге қызметтер» (2 99 код) жолында көлік құралдарын және басқа жабдықтарды жалға беруден (тоңазытқыш және тағы басқа), жоғарыда көрсетілмеген тағы басқа қызметтерден түскен таза табыс қамтылады.

16. «Жұмыспен қамтылу» 11-бөлімінде Үй шаруашылығы құрамын бақылау карточкасынан (индексі D 008) 15 жастағы және одан үлкен, соның ішінде уақытша кеткендер 33, 36, 37, 39-кодтарымен және уақытша келгендер 43, 46, 47 және 49-кодтарымен сұралынады.

1 және 2-сұрақтар сұхбат жүргізгенге дейінгі соңғы 7 күнді, 3 сұрақ соңғы 7 күнді қосқанда төрт аптаны қамтиды.

«Иә-1» деп жауап берген жағдайда 5-сұраққа көшеді, «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда келесі сұраққа көшеді.

2-сұрақта кестенің төменгі бөлігінде келтірілген себептердің тиісті коды таңдалады.

3 және 4-сұрақтарда жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді.

5 және 6-сұрақтар үй шаруашылығының тек жұмыс істейтін мүшелеріне (1 сұраққа «иә-1» деп жауап бергендерге) толтырылады.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) ұсынымдарына сәйкес жұмыспен қамтылған адамға – жасы әркім өз жағдайы бойынша бір аптаға тең белгілі бір қысқа кезең ішінде келесі санаттардың біреуіне жатқызылуы мүмкін адамдар:

«жалдамалы (ақы төленетін) қызметкер»;
«өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкер».

Зерттеу аптасында демалыста (еңбек, жалақы сақтауынсыз жүктілігіне немесе бала күтіміне байланысты) немесе науқастанған тұлға жұмыспен қамтылған деп саналады, себебі ол өз жұмысына ресми тіркелген.

Егер оқушы немесе студент оқу демалысы кезінде жұмыс істесе, сонымен қатар жасы бойынша зейнеткер зейнетақысын ала отырып зерттеу кезінде жұмыс істесе – аталған адамдар жұмыспен қамтылған деп есептеледі.

Халықаралық сыныптамаға сәйкес айналысатын жұмыстағы орны (жұмыспен қамтылу статусы) бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлердің мынадай топтары анықталған: жұмыс берушілер, өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, отбасының ақы төленбейтін қызметкерлері, өндірістік кооператив мүшелері.

17. 12-бөлімде ағымдағы тоқсанға үй шаруашылығының әрбір мүшелерінің табыстары туралы ақпарат көрсетіледі. Мұнда Үй шаруашылығы құрамын бақылау карточкасынан (индексі D 008) 15 жастағы және одан үлкен, соның ішінде уақытша кеткендер 33, 36, 37, 39 кодтарымен және уақытша келгендер 43, 46, 47 және 49-кодтарымен сұралынады.

1111 коды бойынша жалдамалы жұмыспен қамтудан (жалақы, заттай түрдегі еңбекақы және біржолғы төлемдерді қоса), 1112 коды бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстар есепке алынады.

«Тұрғын үйді жалға беру» (2 08-код), «Жерді және ауыл шаруашылығы техникаларын жалға беру» (2 09-код), «Өзге де» (код 2 99) тармақ арынан басқа, 10.1-сұрақтың 6 және 7-бағандарында, сонымен қатар 10.2-сұрақтың «Тауарлар мен қызметтерді өндіру» бөлімінде көрсетілген меншікті өндірісінің өнімдерін сатудан түскен табыстарды өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табысқа жатқызу керек.

«Мал және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру» 9-бөлімінен ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен табыста өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табысқа жатады.

«Атаулы әлеуметтік көмек» жолында облыстарда, қалаларда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген, орта есеппен жан басына шаққандағы айлық табысы кедейліктің шегінен төмен адамдарға (отбасыларға) ұсынған мемлекеттің ақшалай түрдегі төлемі.

«Тұрғын үйлік көмек» жолында мемлекеттің заттай түрінде, ақшалай төлем немесе аз қамтылған отбасылардың дербес шоттарына аударылған ақшалай қаржылар түрінде, осы мақсатқа арналған шығыстардың белгіленген шекті ұйғарымды үлесінен асатын коммуналдық қызметтерге кеткен шығыстар көрсетіледі.

«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар» жолында, бала 1 жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған, сонымен қатар облыстарда, қалаларда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген табысы азық-түлік қоржыны құнынан төмен, аз қамтылған отбасыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылар есепке алынады.

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік

жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы № 126 Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының үш түрі қарастырылған:

мүгедектігі бойынша;
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша;
жасына байланысты.

Мүгедектігі бойынша жәрдемақы мөлшері (Заңның 12-бабы) мүгедектер санаты және мүгедектер тобына байланысты (0,74-тен 2,09 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшеріне дейін) күн көрістің ең төменгі деңгейі шамасына (ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері) сүйене отырып анық алған.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша (Заңның 16-бабы) айлық жәрдемақының ең жоғары мөлшері отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

Ата-анасының екеуінен де айырылған жағдайда балаларға (тас жетімдерге) жәрдемақы әр балаға 0,90 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде, басқа еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне – 0,41 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде, бірақ барлық еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне шаққанда 1,96 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде тағайындалады.

Қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызметтен өту кезінде қаза тапқан немесе жаралану, контузия, мертігу, науқастануы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне жәрдемақының мөлшері отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 0,25 ең төмен күнкөріс деңгейіне, бірақ отбасының барлық мүшелеріне 1,96 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде көбейтіледі.

Жасына байланысты әлеуметтік жәрдемақының мөлшері 0,5 ең төменгі күнкөріс деңгейін (Заңның 18-бабы) құрайды.

Зейнетақы мен ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітіледі.

Егер интервьюерде бұл зейнетақы немесе жәрдемақының төлем мөлшері бойынша күмән туса, әдепті түрде респонденттің зейнетақы куәлігінде қандай түрі көрсетілгеніне қызығушылық танытуы керек.

«Зейнетақы» (коды 11211) 4-жолына жасы бойынша зейнеткерлердің алатын сомасына: азаматтық, сонымен қатар зейнеткерлердің әлеуетті құрылымдары қосылады. Зейнетақылар бойынша деректер міндетті түрде ең төменгі зейнетақы мөлшерімен салыстыру керек.

Заңға сәйкес жасына байланысты жәрдемақы азаматтарға зейнетақы төлемдеріне құқығы болмаған жағдайда белгіленген жасқа жеткен кезде Орталықтан, жинақтаушы Зейнетақы қорларынан тағайындалады. Осыған

байланысты, олар бойынша деректерді «мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар»
112142 кодына енгізу керек.

Егер зейнеткер банктегі дербес шот арқылы зейнетақыны алса, бірақ бұл қаржы шығыс бөлігінде пайдаланылмаған болса, оны міндетті түрде табыстарда көрсетуі керек. Егер ақша шоттан алынса, онда екі рет есептемес үшін, олар тек шығыс бөлігінде көрсетіледі.

«Арнайы мемлекеттік жәрдемақы» жолында келесі арнайы мемлекеттік жәрдемақы түрлері қамтылады:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына;

Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен кепілдемелер;

Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен кепілдемелер;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналарына және екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне;

Ауғанстанда немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертiгу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

бейбiт уақытта әскери қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына;

қызмет мiндеттерiн атқару кезінде қаза тапқан iшкi iстер органдары қызметкерлерiнiң отбасыларына;

Чернобыль АЭС-дағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы бъектiлердегi және басқа да апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына;

сәуле апаттары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердiң, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апат және басқа да радиациялық апаттар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектiлерде болған авариялар және ядролық сынақтар әсерiне белгiленген тәртiпте байланысты болған азаматтардың отбасыларына;

қайтыс болған соғыс мүгедектерiнiң және соларға теңестiрiлген мүгедектердiң әйелi (ерi), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, «Ленинградты қорғағаны шiн» медалiмен немесе «Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына» белгiсiмен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертiгудiң және басқа да себептердiң (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мү едек деп танылғандардың екiншi рет некеге отырмаған әйелiне (ерiне);

Кеңес Одағының Батырларына, үш дәрежелі Даңқ ордендерінің иегерлеріне,
«Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағына ие болған адамдарға;
Ұлы Отан соғысына қатысқандардың ішінен Социалистік Еңбек Батырларына
;

Социалистік Еңбек Батырлары, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне ;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда , оқшаулау және көшіру аймағынан қоныс аударылғандардың (өз еркімен кеткендердің) және Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың қатарындағы адамдарға ;

I, II, III топтағы мүгедектерге;
он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға;
бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға;

«Алтын алқамен», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (көп дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға;

саяси қуғын-сүргін құрбандарына, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға;

Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға .

«Әлеуметтік көмектің басқа түрлері» жолына келесі төлемдер есепке алынады :

үйінде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамтамасыз ету ;

азаматтарды жерлеуге берілетін жәрдемақы;
экологиялық апат аймағында тұрып жатқандықтарына байланысты біржолғы

ө т е м а қ ы л а р ;

саяси қуғын-сүргін құрбандарына және басқаларына ақшалай өтемақы.

«Материалдық көмек» жолына жұмыс істейтін орны бойынша біржолғы төлемдер жергілікті бюджеттен және қаржыландырудың басқа көздерінен (әкімдіктер, Ардагерлер кеңесі және басқалары) көрсетіледі.

«Жеке және үй мүлкін сатудан түскен табыстарға» үйді, пәтерді, саяжайды, жер телімдерін, саяжайды бұзуға төлеген төлемдер және басқалар кіреді.

«Жеке меншіктен түскен табыс» жолында бағалы қағаздардан немесе акциялардан дивидендтер, ақшалай табыстар бойынша пайыздар, авторлық гонорарлар, тұрғын үйді (жер учаскілерін) жалға беруден түсетін пайда ж а з ы л а д ы ;

«Дотациялар мен жеңілдіктер» жолында үй шаруашылықтарының жеңілдіктер, дотациялар және жеңілдіктер алған белгілі сомасы көрсетіледі.

«Басқа табыстар» (1199-код) лотерея ойындарының ұтысынан, салымдардан, казинодан, викториналық ойындардан түскен, мұрагерлік, көлік апаты жағдайында автокөлікке сақтандыру алу, яғни сыныптай алмаған табыстың б а р л ы қ т ү р і .

18. 13-бөлім қарыз беру қаражаттары бойынша ақпарат алуға арналған.

13.1-сұрақта кредит алу туралы жауаптың бір нұсқасы таңдалады және белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұрақ қойылады, «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 13.5-сұраққа көшеді.

13.2-сұрақта алынған несие сомасы теңгемен көрсетіледі.

13.3-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұрақ қойылады, «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 13.5 - с ұ р а қ қ а к ө ш е д і .

13.4-сұрақта төленген қарыздың сомасы қойылады.

13.5-сұрақ жинақтар туралы. Жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. « Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұрақ қойылады, «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 13.7-сұраққа көшеді.

13.6-сұрақта жинақ ақша сомасы теңгемен қойылады.

13.7-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұрақ қойылады, «Жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 13.9 - с ұ р а қ қ а к ө ш е д і .

13.8-сұрақта сома теңгемен қойылады.

13.9-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. «Иә-1» деп жауап берген жағдайда келесі сұрақ қойылады, «жоқ-2» деп жауап берген жағдайда 13.11 - с ұ р а қ қ а к ө ш е д і .

13.10-сұрақта қайтарылған қарыз сомасы теңгемен қойылады.

13.11-сұрақта қарыздың және кредиттің алынған мақсаттары келтірілген. 2-

Қазақстан Республикасы	55,13	52,22	46,65	46,07	69,46	52,93	69,19	52,11	52,65
Ақмола	53,22	4,62	48,11	47,02	63,81	52,85	64,90	60,00	55,68
Ақтөбе	51,97	50,52	43,27	42,55	68,96	50,99	72,07	51,70	40,79
Алматы	51,52	51,32	44,12	44,35	66,50	51,26	74,17	50,00	83,33
Атырау	51,39	51,84	50,07	49,85	50,59	51,88	50,36	52,31	-
Б а т ы с Қазақстан	48,61	48,86	44,06	42,29	61,50	50,75	63,90	52,78	68,42
Жамбыл	54,34	54,63	48,98	46,41	67,61	56,37	63,84	58,49	76,19
Қарағанды	52,58	52,30	37,67	37,25	68,59	52,73	72,12	54,29	74,34
Қостанай	62,85	47,37	37,95	37,87	71,64	46,47	71,71	46,67	50,19
Қызылорда	52,14	53,33	47,89	47,53	64,33	55,91	67,66	52,00	-
Маңғыстау	46,93	47,81	45,00	44,89	64,39	47,92	50,00	49,95	-
Оңтүстік Қазақстан	53,51	54,59	49,97	50,08	71,94	54,95	74,49	54,71	68,89
Павлодар	54,16	53,05	47,45	45,63	61,60	56,62	72,17	-	50,00
Солтүстік Қазақстан	62,74	61,62	45,42	45,41	68,56	51,70	69,14	-	49,83
Ш ы ғ ы с Қазақстан	54,69	54,17	49,12	48,80	67,55	55,99	65,04	55,87	53,50
Астана қаласы	57,24	51,90	58,08	62,26	70,46	55,09	74,39	-	50,00
Алматы қаласы	50,37	47,51	37,55	37,76	57,50	47,50	60,60	-	49,97

«Үй шаруашылықтарының табыстары мен шығыстары бойынша тоқсан сайынғы сұрақнама» (коды 1255102, индексі D 004, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша нұсқаулыққа 2-қосымша

Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеуде қолдануға арналған тауарлар мен қызметтердің тізімі.

Айқындама коды Код позиции	Айқындама кодының атауы Наименование позиции на государственном языке	мемлекеттік тілде
01 0 0 0000	<u>ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ АЛКОГОЛЬСІЗ СУСЫНДАР</u>	
01 1 0 0000	<u>АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ</u>	
<i>01 1 1 0000</i>	<u>Нан және жарма өнімдері</u>	
<i>01 1 1 1000</i>	<i>Күріш</i>	
01 1 1 1001	Тегістелген, жылтыратылған күріш	
<i>01 1 1 2000</i>	<i>Ұн және басқа да жармалар</i>	

01 1 1 2100	Ұн
01 1 1 2101	Жоғары сортты бидай ұны
01 1 1 2102	Бірінші сортты бидай ұны
01 1 1 2103	Кұймақ пен жайма құймаққа арналған ұн және басқа да жартылай дайын өнімдер
01 1 1 2199	Ұнның басқа да түрлері
01 1 1 2200	Жармалар
01 1 1 2201	Ұнтақ жарма
01 1 1 2202	Қарақұмық жармасы
01 1 1 2203	Сұлы жармасы
01 1 1 2204	Арпа жармасы
01 1 1 2205	Сөк
01 1 1 2299	Басқа да жармалар
01 1 1 3000	<i>Нан</i>
01 1 1 3001	Қарабидай, қарабидай-бидай наны
01 1 1 3002	Жоғары сортты бидай ұнынан пісірілген нан
01 1 1 3003	Бірінші сортты бидай ұнынан пісірілген нан
01 1 1 3004	Диабетикалық нан түрлері
01 1 1 3099	Басқа да нан түрлері
<i>01 1 1 4000</i>	<i>Макарон өнімдері</i>
01 1 1 4001	Вермишель, спагетти
01 1 1 4002	Кеспе, жайма
01 1 1 4003	Макарон, рожкилер
01 1 1 4099	Басқа да макарон өнімдері
<i>01 1 1 5000</i>	<i>Тоқаш және ұннан дайындалатын кондитер өнімдері</i>
01 1 1 5001	Майқоспа тоқаштар
01 1 1 5002	Пряниктер
01 1 1 5003	Қантты печеньеелер
01 1 1 5004	Торттар
01 1 1 5005	Пирожнылар
01 1 1 5006	Орамалар, кекстер
01 1 1 5007	Вафли
01 1 1 5008	Білезіктер, ши нандар
01 1 1 5009	Самса, бәліш (ет және балық қосылған бәліштерді қоспағанда)
01 1 1 5010	Қамыр
01 1 1 5012	Майқоспа печеньеелер
01 1 1 5099	Ұннан дайындалатын басқа да кондитер өнімдері
<i>01 1 1 6000</i>	<i>Жарма өнімдері</i>
01 1 1 6001	Қрахмал
01 1 1 6002	Дәндә жапалақ қауыз (құрғақ таңертеңгіліктер)
01 1 1 6003	Тез даярланатын ботқалар (балаларға арналған ботқалардан басқа)
01 1 1 6004	Баланың қоректенуіне арналған ботқалар
01 1 1 6099	Басқа да жарма өнімдері

01 1 2 0000	<u>Ет</u>
01 1 2 1000	<i>Ет және құс еті</i>
01 1 2 1100	Сиыр еті
01 1 2 1200	Жылқы еті
01 1 2 1201	Сүйегі бар жылқы еті
01 1 2 1202	Жая
01 1 2 1300	Шошқа еті
01 1 2 1400	Қой еті
01 1 2 1500	Құс еті
01 1 2 1501	Тауық
01 1 2 1502	Үйрек, күрке тауық тұқымдас үйрек, қаз
01 1 2 1503	Күрке тауық
01 1 2 1504	Тауықтың сирағы (сан еті)
01 1 2 1505	Тауықтың қанаты
01 1 2 1506	Тауықтың төсі еті
01 1 2 1507	Құс етінің қосалқы өнімдері
01 1 2 1599	Құс етінің басқа да түрлері
01 1 2 1900	Еттің өзге де түрлері мен қосымша ет өнімдері
01 1 2 1901	Қыр құстарының еті
01 1 2 1902	Сиырдың бауыры
01 1 2 1904	Сиырдың тілі
01 1 2 1905	Сиырдың басқа да тағамдық қосымша ет өнімдері
01 1 2 1906	Шошқаның бауыры
01 1 2 1907	Шошқаның тілі
01 1 2 1908	Шошқаның басқа да тағамдық қосымша ет өнімдері
01 1 2 1909	Басқа да мал түрлерінің қосымша ет өнімдері
01 1 2 1999	Басқа да малдардың ет түрлері
01 1 2 2000	<i>Шұжық, ет өнімдері</i>
01 1 2 2100	Шұжықтар
01 1 2 2101	Пісірілген шұжық
01 1 2 2102	Шала ысталған шұжық
01 1 2 2103	Сосискалар, сарделькалар
01 1 2 2105	Пісіріп-ысталған шұжық
01 1 2 2106	Шикідей ысталған шұжық
01 1 2 2107	Өкпе-бауыр мен қансоқта шұжығы
01 1 2 2199	Басқа да шұжық өнімдері
01 1 2 2200	Ет өнімдері
01 1 2 2201	Шошқа майы (қыртыс май)
01 1 2 2202	Тұшпара
01 1 2 2203	Тартылған ет
01 1 2 2204	Бұқтырылған ет консервілері

01 1 2 2205	Ет-өсімдік консервілері, паштеттер
01 1 2 2206	Еттен жасалған котлеттер
01 1 2 2207	Самса, бәліш етпен
01 1 2 2208	Ұсақ кесекті жартылай дайын ет өнімдері
01 1 2 2210	Қазы
01 1 2 2211	Шұжық
01 1 2 2212	Ысталған шошқа еттері
01 1 2 2213	Еттің басқа да түрлерінен ысталған еттер
01 1 2 2299	Басқа да ет өнімдері
01 1 3 0000	<u>Балық және теңіз өнімдері</u>
<i>01 1 3 1000</i>	<i>Жаңа ауланған немесе мұздатылған балық және теңіз өнімдері</i>
01 1 3 1001	Жаңа ауланған және салқындатылған балық
01 1 3 1002	Мұздатылған балық
01 1 3 1003	Теңіз өнімдері
<i>01 1 3 2000</i>	<i>Қайта өңделген немесе консервіленген балық</i>
01 1 3 2001	Тұздалған және ысталған (жеңсік емес тағамдар) балық
01 1 3 2002	Тұздалған және ысталған жеңсік тағам балық
01 1 3 2003	Майшабақ
01 1 3 2004	Қызыл уылдырық
01 1 3 2005	Жеңсік емес тағам балық консервілері
01 1 3 2006	Жеңсік тағам балық консервілері
01 1 3 2007	Балықтан дайындалған кулинарлық өнімдер
01 1 3 2008	Кептірілген балық
01 1 3 2009	Қақталған балық
19-сұрақта «өзге» 9-кодына үй шаруашылығының туыстарына, көршілеріне немесе достарына ақысыз негізде уақытша қолдануға берген учаскесін немесе басқа да жоғарыда сұрыпталмаған жағдайларды жатқызуға болады.

20-сұрақта барлық қолда бар учаскелердің жалпы ауданы соттықта және бүтін сандармен ұсынылады.

21-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалып алынады және белгіленеді.

22-сұраққа осы бөлімнің 21-сұрақтың «1»-кодын белгілеген үй шаруашылықтары жауап береді. Жауаптың бірнеше нұсқасы белгіленеді. Мұнда үй шаруашылығына тиісті мал басының саны бойынша деректер көрсетіледі. Шеттен өсіруге немесе бағуға алынған мал есепке алынбайды. Егер малды бірлесіп иеленген жағдайда, одан зерттелетін үй шаруашылығына тиесілі бөлігіне (үлесіне) қатысты деректер көрсетіледі. Мұнда жұмысқа жегілетін мал есепке алынбайды.

23-сұрақта үй шаруашылығына тиесілі немесе басқа үй шаруашылығымен бірлескен иеліктегі және жалға алынған қолда бар ауыл шаруашылығы техникалары, машиналары және жұмысқа жегілетін малдар көрсетіледі. Жауаптың бірнеше нұсқасы белгіленеді.

6. Пікіртерімді бітірген соң интервьюер қандай да бір сұрақтар қалып кетпегендігіне көз жеткізу үшін сауалнаманы тағы да бір рет қарап шығады және респонденттерге ынтымақтастығы және көмектескендері үшін міндетті түрде алғыс айтады. Интервьюер үй шаруашылығынан тыс жерде нысанды қайта қарап шығады және егер қандай да бір сәйкессіздік тапса, онда қайта үй шаруашылығына барып (жеке немесе телефонмен), жеткіліксіз ақпаратты анықтайды.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасы міндетін атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы № 228 бұйрығына 9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Статистика агенттігі Төрағасының 2012.07.04 № 178 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.



Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан

Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажетін қоршау керек)

Статистикалық нысан коды 1276104 D 008 (тоқсан сайынғы нақтыланумен)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
-----------------	-----	-----	-----	------	-------------------

Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы

Есепті кезең |_|_|_|_ ЖЫЛ

1. АУМАҚТЫҢ (ЕЛДІ МЕКЕННІҢ) АТАУЫ _____

2. АӘОЖ БОЙЫНША ЕЛДІ МЕКЕННІҢ КОДЫ*|_|_|_|_|_|_|_|

3. ЕЛДІ МЕКЕН ТИПІНІҢ КОДЫ (қала - 1, ауыл - 2).....|_|

4. ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ КОДЫ|_|_|_|_|_|_|_|

5. СҰХБАТ ЖҮРГІЗУГЕ УӘКІЛЕТТІ ТҮЛҒАНЫҢ КОДЫ (БҰДАН ӘРІ-ИНТЕРВЬЮЕР).....|_|_|_|_|_|_|_|

6. БІРІНШІ АРАЛАУ КҮНІ күні|_|_| ай|_|_|

7. ЕКІНШІ АРАЛАУ КҮНІ күні|_|_| ай|_|_|

8. ҮШІНШІ АРАЛАУ КҮНІ күні|_|_| ай|_|_|

9. ТӨРТІНШІ АРАЛАУ КҮНІ күні|_|_| ай|_|_|

* Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші ҚР МК 11-2009

Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы*

№	Аты	Үй шаруашылығы басшысына қатынасы		Туған күні		Жынысы 1-ер, 2- әйел	Бойы (см)	Отбасылық жағдайы	Ұлты	Аттестат немесе дипломмен растайтын қол жеткізген білімінің ең жоғары деңгейі, 1 қаңтардағы жағдай бойынша	Уақытша болмаған (болған) 1 қаңтардағы жағдай бойынша	Тоқсандық сұхбат кезіндегі үй шаруашылығы құрамындағы өзгерістерді көрсетуіңізді өтінеміз:		
		сөзбен	код	жыл	ай							сәуірде	шілдеде	қазан
А	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1		XXXXX	XX											
2														
3														
4														
5														
6														
7														
8														
9														
10														
11														
12														
13														
14														
15														
16														

* Көрсеткіштерді кодтау төменде келтірілген Кестеге сәйкес жүзеге асырылады

Үй шаруашылығы басшысына қатынасының кодтары	Ұлт кодтары	Білім деңгейінің кодтары
1 - үй шаруашылығының басшысы	001 - орыстар	0 - ешқандай білімге қол жеткізбеген;
2 - күйеуі, әйелі	002 - украиндер	1 - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
3 - ұлы, қызы	004 - өзбектер	2 - бастауыш білім;
4 - әкесі, анасы	005 - қазақтар	3 - негізгі орта білім;
5 - ағасы, әпкесі	049 - татарлар	4 - орта білім (жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім);
6 - атасы, әжесі	171 - немістер	5 - жоғары білім;
7 - немересі	178 - ұйғырлар	6 - жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
8 - басқа деңгейдегі туыстық	199 - басқа ұлттар	7 - ғылыми атақ.
9 - туыс емес (туыстық жоқ)		
Отбасылық жағдайдың кодтары	Құрамының өзгеру мәртебесінің кодтары	Кету (келу) себептерінің кодтары

1 - некеде тұрады	1 - тұрақты кетті	1 - туу
2 - ажырасқан	2 - тұрақты келді	2 - өлім
3 - тұл ер, жесір әйел	3 - уақытша кетті	3 - жұмыс (Қазақстан Республикасы аумағында)
4 - ешқашан некеде тұрмаған	4 - уақытша келді	4 - жұмыс (Қазақстан Республикасы аумағы шегінен)
9 - көрсетілмеген		5 - неке
		6 - ажырасу
		7 - оқу
		8 - әскердегі қызмет
		9 - басқа (ауруханада, бас бостандығынан айыру орындарында, басқа орынға көшіп кету және т.б.)

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы № 228 бұйрығына 10-қосымша

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Статистика агенттігі Төрағасының 2012.07.04 № 178 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Үй шаруашылықтары құрамын бақылау карточкасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 1276104, индексі D-008, кезеңділігі жылдық, тоқсан сайынғы нақтыланумен) толтыру бойынша нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Үй шаруашылықтары құрамын бақылау карточкасы» (коды 1276104, индексі D-008, кезеңділігі жылдық, тоқсан сайынғы нақтыланумен) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруын нақтылайды.

2. Осы статистикалық байқау үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тізімін құру және олардың әрбірінен демографиялық сипаттама алуға арналған.

Байқауға халықтың тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеуге қатысатын барлық үй шаруашылықтары жатады. «Үй шаруашылықтары құрамын бақылау карточкасы» пікіртерімін жүргізуге уәкілеттігі бар тұлға толтырады (бұдан әрі - интервьюер). Үй шаруашылықтары құрамын бақылау карточкасы жылдың басында (қаңтарда) толтырылады, содан кейін тиісті өзгерістер енгізумен тоқсан сайын (сәуірде, шілдеде, қазанда, қаңтарда) нақтылау жүргізіледі.

Статистикалық нысанның респонденті үй шаруашылығының иесі болады.

Үй шаруашылығының иесі ретінде еңбекке қабілетті жастағы жұмысы бар (

әйелдер үшін 18-58 жас, ерлер үшін 18-63 жас) үй шаруашылығының мүшесі болуы мүмкін. Үй шаруашылығында еңбекке қабілетті жастағы жұмысы бар тұлғалар жоқ болған жағдайда (зейнеткерлердің немесе құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер және тағы басқа бар үй шаруашылықтары) үй шаруашылығының иесін қандай да бір табыс түрін иеленетін үй шаруашылығының мүшелері өз бетімен анықтайды.

3. Титулдық парақта «Аумақтың атауы» тармағында облыстың (қаланың), ауданның (аудан) және ауылдың (елді мекеннің) атауы жазылуы керек. 2-тармақтан бастап 5 дейін супервайзерлер интервьюерлерге ұсынған зерттелетін үй шаруашылықтарының тізімдерінде көрсетілген деректемеге сәйкес т о л т ы р ы л а д ы .

4. Бақылау карточкасын толтыру кезінде келесі сұрақтар қойылады және жауаптары ж а з ы л ы п а л ы н а д ы :

Әдетте, осы пәтерде (осы үйде) тұратын адамдарды атаңыз және Сізге туыстық қатысына қарамастан немесе қандай да бір себептермен қазіргі уақытта ж о қ а д а м д а р д ы а т а ң ы з .

2-бағанның 1-жолында үй шаруашылығы басшысының аты жазылады.

2-бағанның 2-16 жолдарында үй шаруашылығының өзге мүшелерінің аты ж а з ы л а д ы .

1-жол бойынша 3-және 4-бағандары белгіленген. Қалған жолдар бойынша 3 бағанда үй шаруашылығы басшысына байланыстылығын сөзбен жазады, ал 4 бағанда үй шаруашылығы басшысына қатыстылығы екі мәнді кодпен белгіленеді .

5 және 6-бағандарда сәйкесінше үй шаруашылығының әр мүшесінің туылған жылы (төрт таңбалы) және айы (екі таңбалы) жазылады. Мысалы, 1972 05 немесе 1 9 5 6 1 2 .

7-бағанда жынысы жазылады: ер – 1, әйел – 2.

8-бағанда респонденттің бойы көрсетіледі (жылдың басына). Бойын дұрыс өлшеу үшін респондент қабырғаға желкесімен, жауырындарымен, бөкселерімен, балтырларымен және өкшелерімен тақалып, қатты жерге жалаң аяқ түзу тұрады. Басты күш салмай түзу ұстайды. Содан кейін қабырғада басқа қатысты ең жоғары нүкте белгіленеді, тек содан соң ғана еденнен белгіге дейінгі арақашықтық өлшенеді. 2 жасқа дейінгі балалардың бойы жатқызылып өлшенеді.

Кешке таман ауыр салмақтың, физикалық жүктердің әсерінен ол біршама қысқарып, өлшеудің дәлдігіне әсер етуі мүмкін болғандықтан, өлшеуді таңертең, түске дейін жүргізген дұрыс.

9-бағанда отбасылық жағдайының кодтарына сәйкес отбасылық жағдайы көрсетіледі. Осы бағанды толтыру кезінде «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңында (2-бөлімнің «Неке» 3-тарауы «Некеге тұрудың шарттары мен тәртібі»),

10-бабы «Неке жасы») белгіленген неке жасы ерлер мен әйелдер үшін – 18 жас екендігі ескеріледі. Сонымен қатар, дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді.

10-бағанда ұлтының кодтарына сәйкес үй шаруашылығы мүшелерінің ұлты көрсетіледі.

11-баған қаңтардағы пікіртерім кезінде толтырылады. Онда табельмен, аттестатпен немесе оқу орнын бітіргені туралы дипломмен құжаттық расталатын қол жеткізген білімінің ең жоғарғы деңгейі жазылады. Егер тыңдалған білім курсы туралы анықтамасы бар болған жағдайда, баған толтырылмайды.

Аяқталғаннан кейін сертификат немесе куәлік берілетін бухгалтерлік, хатшы-референт, компьютерлік курстарда білім алу мен оқу есептелмейді.

Ешқандай білімі жоқ ретінде мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамтылмаған 7 жасқа дейінгі, сонымен қатар ешқандай білімі жоқ ересек адамдар саналады.

Мектепке дейінгі білімі бар 1 мен 7 жас аралығындағы мектепке дейінгі мекемелерде (бала-бақша, мектепалды сыныптар), бастауыш білім – 4 сыныпты бітіргендер, негізгі орта – 9 сыныпты аяқтағандар, орта (толық) жалпы – 11 сынып, алғашқы кәсіптік – КТУ (Кәсіптік-техникалық училище), орта кәсіптік – колледж, техникум, жоғары – университет, институт, академиядағы адамдар жатады.

Мектептік біліммен қамтылған, бірақ бастауыш білімді бітірмеген балалар (1-4 сыныптар) мектепке дейінгі білімі бар болған жағдайда ол мектепке дейінгі білімі барға жатады, мектепке дейінгі білімі болмаған жағдайда ешқандай білімі жоқ адамға жатады.

Егер үй шаруашылығының мүшесі магистратураны (аспирантураны, докторантураны) аяқтағаннан кейін диссертация қорғаса, ол ғылыми атақ алғандар болып саналады. Егер олай болмаса – онда жоғары оқу орнынан кейінгі білім болып қала береді.

12-баған қаңтардағы пікіртерім кезінде толтырылады және келесі кодтары болады:

Уақытша болмау кезінде – 33, 34, 37, 38, 39;

Уақытша болу кезінде – 43, 44, 47, 48, 49.

Егер зерттеу мерзімі кезеңінде (кейінгі тоқсандарда) үй шаруашылығы құрамы өзгерген жағдайда 13-16 бағандарда тиісті таңбалар жасалады.

Егер үй шаруашылығында бірге тұратын мүшелері болса, алайда, уақытша болмаса, мәселен, әскердегі қызметте, ауруханада немесе студент, бұл жағдайда 13-16 бағандарда тиісті екі таңбалы кодтар (мәртебе+себеп) қойылады.

Егер үй шаруашылығында жаңа мүше (туылған немесе уақытша келген)

пайда болса, 13-16 бағандарда тиісті кодтар қойылады. 13-16 бағандарда келесі кодтары болады:

Тұрақты болмау кезінде – 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19;

Тұрақты болу кезінде – 21, 23, 25, 26, 27;

Уақытша болмау кезінде – 33, 34, 37, 38, 39;

Уақытша болу кезінде – 43, 47, 48, 49.

Зерттеу тоқсанында уақытша кету (келу) және болу (болмау) 2 ай және одан көп мерзімді ұйғарады.

Туу әрқашан 21 коды, өлім – 12 кодымен белгіленеді.

Үй шаруашылықтары құрамын бақылау карточкасын интервьюер екі данада толтырады. Бір данасы супервайзерге беріледі, екінші – интервьюерде қалады. Оған тоқсандық сұхбаттарды жүргізу кезінде үй шаруашылығының құрамында болған барлық өзгерістері (егер олар болған жағдайда) енгізіледі.

5. Пікіртерімді бітірген соң интервьюер қандай болса да бір бөлімдер немесе сұрақтар қалып кетпегендігіне көз жеткізу үшін сауалнаманы тағы да бір рет қарап шығады және респонденттерге ынтымақтастығы және көмектескендері үшін міндетті түрде алғыс айтады. Интервьюер үй шаруашылығынан тыс жерде Сауалнаманы қайта қарап шығады және егер, қандайда бір сәйкессіздік тапса, онда қайта үй шаруашылығына барып, (жеке немесе телефонмен) жеткіліксіз ақпаратты анықтайды.

Бұдан басқа, интервьюер осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Интервьюер карточкасын» толтырады:

респонденттермен өзара іс-қимыл деңгейін және деректердің сапасын бағалайды;

респонденттерге пікіртерім нысаны бойынша толтыру нұсқаулығына сәйкес жүргізілгендігін, өзінің аты-жөнін көрсетіп және өзінің қолымен расталады. «Статистикалық нысанды тексеру бойынша ескертулер» тармағы супервайзердің толтырылған нысанды көзбен шалу арқылы бақылауды жүргізу нәтижелері бойынша толтыруына арналған.

«Үй шаруашылықтары құрамын бақылау карточкасы» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 1276104, индексі D-008, кезеңділігі жылдық, тоқсан сайынғы нақтыланумен) толтыру бойынша нұсқаулыққа қосымша Нысан

Интервьюердің карточкасы

1. Респонденттің интервьюерге қатынасы		2. Респондент пікіртерім парағының сұрақтарын қалай қабылдады		3. Респонденттің сұхбат кезіндегі байланыстылығы (ашықтылық, шынайылығы)		4. Алынған ақпараттың сенімділігі	
достық, мүдделі	1	жақсы, жылдам, парапар	1	айтарлықтай ашық, шынайы	1	әбден сенімді	1
аса мүдделі емес, неғұрлым селқос	2	онша жақсы емес, қайталауға тура келді, түсініктемелер беру	2	ашық, шынайы	2	сенімді	2
шыдамсыз, тынымсыз	3	нашар, түсіндіру қиын болды	3	ұяң, шынайы емес	3	сенімсіз	3
күйгелек, кекеткіш	4			өте ұяң, шынайы емес	4	тіпті сенімсіз	4
Жол №	Статистикалық нысан бөлімінің №	Статистикалық нысанның бөлімдері бойынша сұрақтар нөмірлерін көрсетіңіз:					
		1. респондентке түсінуге қиын болған		2. респонденттің жағымсыз сезімдерін тудырған		3. жауап беруге құлықсыз болған (жауап беруден бас тарту)	

Пікіртерім жеке сұхбат әдісінің нұсқаулығына сәйкес жүргізілгенін мен куәландырамын.

Интервьюердің толық аты-жөні _____

Интервьюердің қолы _____

Супервайзердің толық аты-жөні _____

Супервайзердің қолы _____

СТАТИСТИКАЛЫҚ НЫСАНДЫ ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы № 228 бұйрығына 11-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді



Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан

Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады.

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз)

Статистикалық нысан коды 1252105
U - 0 0 3
Токсандық

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
-----------------	-----	-----	-----	------	-------------------

Бір жолғы

Ұсыну мерзімі - 10 тамыз

Тұрмыс деңгейі. Әл-ауқатты бағалау

Есепті кезең Жыл

1. АУМАҚТЫҢ (ЕЛДІ МЕКЕННІҢ) АТАУЫ _____

—

2. АӘОЖ БОЙЫНША ЕЛДІ МЕКЕННІҢ КОДЫ*

.....

3. ЕЛДІ МЕКЕН ТИПІНІҢ КОДЫ (қала - 1, ауыл -2).....

...

4. ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ КОДЫ

—

5. ПІКІРТЕРІМДІ ЖҮРГІЗУГЕ УӘКІЛЕТТІГІ БАР ТҮЛҒАНЫҢ КОДЫ (БҮДАН ӘРІ-ИНТЕРВЬЮЕР).....

6. СҰХБАТ ЖҮРГІЗУ КҮНІ күні _ _ ай _ _ жыл _ _ _

* Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші ҚР МК 11-2009

1. Респонденттің жалпы деректері

Жасы (жас) Жынысы: әйел ер

1. Сіздің үй шаруашылығыңыздың құрамында барлығы неше адам бар?	
соның ішінде:	
жұмыс істейтіндер	
жұмыссыздар (жұмысы жоқ, бірақ оны іздеп жүргендер)	
зейнеткерлер	
студенттер	
мүгедектер	
үй шаруашылығындағы әйелдер	
балалар	
басқалар	

2. Сіз осы елді мекенде туғаннан бері тұрасыз ба? («Иә» деп жауап берген жағдайда 7-ші сұраққа көшіңіз).	Иә	Жоқ
---	----	-----

3. Қазіргі тұрған орныңызға келген уақытыңыз (мұнда тұруға қашан келдіңіз?)	-
--	---

(ай – жыл)

4. Сіз қай мемлекетте туып-өстіңіз?	Қала	Ауыл
Қазақстан Республикасында	1	2
ТМД елдерінде	1	2
басқа елдерде	1	2

5. Сіз басқа елдерде бір немесе одан артық жыл тұрдыңыз ба, онда тұрған жыл(дар)ды көрсетіңіз:	
---	--

Ел	Жылдар
1.	-
2.	-
3.	-
4.	-
5.	-

6. Сіз соңғы 10 жыл ішінде (Сізге қатыстысын көрсетіңіз):	
көрсетілген жерде тұрақты тұрдыңыз	1
бір облыс ішінде қоныс аудардыңыз	2
қаладан ауылдық жерге	2.1
ауылдық жерден қалаға	2.2
басқа облыстан көшіп келдіңіз	3
қаладан ауылдық жерге	3.1
ауылдық жерден қалаға	3.2
басқа елден көшіп келдіңіз	4
оралмандар иммиграциясының рұқсат етілген үлесі (квота) бойынша	4.1
босқын ретінде	4.2
еңбек мигранты ретінде	4.3
отбасына қайта қосылу үшін	4.4

2. Жұмыспен қамтылу

7. Сіздің жұмысыңыз (сұрау кезінде) бар ма?	Иә	Жоқ
«Жоқ» деп жауап бергенде 12-сұраққа көшіңіз		

8. Соңғы жылдары сіздің негізгі жұмысыңыздың шарттары өзгерді ме?		Иә	Жоқ
«Жоқ» деп жауап бергенде 10-сұраққа көшіңіз			
9. Соңғы жылы Сіздің негізгі жұмысыңызда қандай өзгерістер болғанын, көрсетіңіз (бірнеше жауаптар болуы мүмкін)			
Жақсару	Нашарлау		
еңбек ақының, сыйақылардың өсуі	1	еңбек ақының төмендеуі, сыйақы беруді тоқтатты	1
толық жұмыс күніне көштік (тиісінше еңбекақы өсті)	2	ақысыз демалысқа шығуға мәжбүр болдық (кәсіпорынның тоқтау себебіне байланысты) немесе толық емес жұмыс күніне ауысу	2
қосымша жұмыс (қоса атқару)	3	жұмыс аптасының өсуі (ақының өсуінсіз)	3
жұмысты ауыстыру	4	жұмысты ауыстыру	4
мансаптық өсу	5	қызметте төмендеуге ұшырау	5
10. Сіз жақын 12 айдың ішінде тұрақты жұмысыңыздан айырылып қалмайтыныңызға сенімдісіз бе?		Иә	Жоқ
11. Егер Сіз жұмысыңыздан айрылсаңыз, онда басқа жұмысты, Сіздің ойыңызша, қаншалықты тез табасыз?			
1 ай ішінде			1
1 айдан 3 айға дейін			2
3 ай және одан көп			3
жауап беруге қиналамын			4
12. Егер Сіздің жұмысыңыз жоқ болса, немесе Сіз жұмыс істейсіз, бірақ жаңа жұмыс іздеуде болсаңыз немесе өз ісіңізді ұйымдастыруға байланысты соңғы 6 ай ішінде қандай әрекет жасадыңыз? (барлық жасаған әрекеттеріңізді көрсетіңіз) Сіз ...			
тұрғылықты жеріңіз бойынша жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органға қызметіне өтінішпен бардыңыз			1
жұмысқа орналастыру бойынша жекеменшік агенттіктерге өтінішпен бардыңыз			2
баспасөзге хабарландыру бердіңіз, хабарландыруларға үн қаттыңыз			3
достарыңызға, туыскандарыңызға, таныстарыңызға өтінішпен бардыңыз			4
жұмыс берушіге тікелей өтінішпен бардыңыз			5
өз ісіңізді ашу үшін жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, шикізатты, қаржы ресурстарын іздедіңіз, рұқсат, лицензия алуға өтініш жасадыңыз			6
тағы да басқа әрекет жасадыңыз			7
ешқандай шара қолданбадыңыз			8
13. Сіз немесе Сіздің үй шаруашылығыңыздың отбасы мүшелерінің өз ісі бар ма?		Иә	Жоқ
«Жоқ» деп жауап бергенде 16-сұраққа көшіңіз			
14. Соңғы жылы Сіздің бизнесті (жеке іс) жүргізу шарттарыңыз өзгерді ме?		Иә	Жоқ
«Жоқ» деп жауап бергенде 18-сұраққа көшіңіз			
15. Соңғы жылы Сіздің бизнесті (жеке істі) жүргізу шарттарында өзгерістер болғанын көрсетіңіз? (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуіңізге болады)			
Жақсару	Нашарлау		
салық, баж алымы, тарифтер және тағы басқа төлемдер (жалдау, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық қызметтері және тағы басқа) ставкасы төмендеді	1	салық, баж алымы, тарифтер және тағы басқа төлемдер (жалдау, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық қызметтері қызметтер және тағы басқа) ставкасы өсті	1
бәсекелестер саны төмендеді	2	бәсекелестердің саны артты	2

өндірілген өнімге (қызметке) сұраныс артты	3	өндірілген өнімге (қызметке) сұраныс төмендеді	3
басқа	4	басқа	4
16. Егер өз ісіңіз болмаса, оның болғанын қалайсыз ба?		Иә	Жоқ
«Жоқ» деп жауап бергенде 18-сұраққа көшіңіз.			
17. Сіздің өз ісіңіздің болуына не кедергі жасайды? (бірнеше жауаптар болуы мүмкін)			
қаржы тапшылығы			1
кредит алудың мүмкін еместігі			2
қажетті дағдылардың болмауы			3
басқа себептер (көрсетіңіз)			4

3.Үй шаруашылығының табысы

18. Сіздің үй шаруашылығыңыздың бір айда орташа есеппен алатын табысының жалпы сомасын көрсетуіңізді өтінеміз (теңге):	
5 000-нан аз	1
5 000 - 15 000	2
15 000 – 25 000	3
25 000 – 35 000	4
35 000 – 50 000	5
50 000 – 100 000	6
100 000 – 200 000	7
200 000 – 300 000	8
300 000 – 400 000	9
400 000 – 500 000	10
500 000 – 700 000	11
700 000 – 900 000	12
900 000 – 1 млн.	13
1 млн.–нан артық	14
19. Сіздің үй шаруашылығыңыз үшін күнкөрістің қаражат көздерін олардың маңыздылық дәрежелерінің кему ретімен көрсетіңіз (яғни 1-ші нөмірге күнкөрістің негізгі қаражат көзі сәйкес келеді)	
	Маңыздылық дәрежесі
жекеменшік кәсіпорыннан (бизнестен) немесе басқа кәсіпорынның меншігінде қатысу үлесінен табыс	
мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардағы жалдамалы жұмыс	
мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы жұмыс	
жеке тұлғаларға жұмысқа жалдану немесе фермерлік шаруашылықтардағы жалдамалы жұмыс	
өз бетінше жұмыспен айналысу (патентпен немесе патентсіз жеке қызмет)	
жеке қосалқы шаруашылықтан, саяжайдан (бақшадан) алынған өнімдерді тұтыну	
жылжымайтын мүліктен түскен табыс (жалға беру)	
депозиттер, салымдар бойынша пайыз	
кездейсоқ табыстар	

зейнетақы	
мемлекеттік жәрдемақылар	
әлеуметтік көмек, соның ішінде:	
атаулы әлеуметтік көмек	
тұрғын үй бойынша көмек	
18 жасқа дейінгі балаларға берілетін жәрдемақы	
шәкіртақы (стипендиялар)	
алименттер	
туысқандардың, таныстардың көмегі	
басқа қаражат көзі (жазып қойыңыз)	

20. Табыс әкелетін меншігіңізді көрсетіңіз? (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

депозиттер, салымдар	1
бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар)	2
жылжымайтын мүлік (қосымша тұрғын үй, коммерциялық үй-жай, монша, гараж немесе жалға берілетін басқа жылжымайтын мүлік)	3
көлік, ауыл шаруашылықтық және басқа арнайы техника	4
жер	5
мал, құс	6
басқа (жазып қойыңыз)	7
ондай жекеменшігім жоқ	8

21. Егер Сіздің жеке қосалқы шаруашылығыңыз, саяжайыңыз (бақпаңыз) болса, ол сіздің әл-ауқатыңыздың артуына көмектесе ме?

біз онсыз өмір сүре алмас едік, себебі өнім күнкөрістің маңызды қаражат көзі болып саналады.	1
табыс елеулі болмағандықтан, аса маңызы жоқ	2
әл-ауқатты көтеру мақсаты болып табылмайды	3

22. Сіз өз табысыңызды қалай бағалайсыз:

тіпті тамаққа да жетпейді	1
тамаққа жетеді, бірақ біз киім сатып алу, пәтер ақы төлеуде қиындық көреміз	2
тамаққа және киімге жетеді, бірақ біздің ұзақ уақыт пайдаланатын тауарларды (теледидар, тоңазытқыш және тағы басқа) сатып алуға мүмкіндігіміз жоқ	3
тамаққа, киімге және ұзақ уақыт пайдаланатын тауарларға жетеді, бірақ машина, пәтер, саяжай және тағы басқа сатып алуға мүмкіндігіміз жоқ	4
барлық қажеттіні сатып алуға жеткілікті	5

23. Қажеттіліктеріңізді нақты қанағаттандыру үшін Сіздің үй шаруашылығыңыздың айлық табысы қандай болуы керек? (теңге)

25. Егер Сіздің жинаған ақшаңыз болса, онда ол Сіздің үй шаруашылығыңыздың қазіргідей өмір сүруі үшін қанша уақытқа жетеді (табыс болмаған жағдайда)?

бір айға	1
үш айға	2
жарты жылға	3
бір жылға	4
екі жылға	5
үш жылға және одан көпке	6

26. Сіздің жинаған ақшаңыз неге арналған: (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

өз ісін ұйымдастыруға немесе ұлғайтуға	1
өзінің кәсіби деңгейін жоғарлатуға	2
балалардың білім алуына	3
отбасылық салтанаттарды немесе салт-жораларды өткізуге	4
тұрғын үй сатып алуға және тұрғын жағдайын жақсартуға (пәтерді, үйді жөндеуге)	5
автомобиль сатып алуға және оны күтуге	6
ұзақ уақыт пайдаланатын заттар, жиһаз сатып алуға	7
киім, аяқ киім сатып алуға	8
азық-түлік өнімдерін сатып алуға (маусымдық өнімдерді молынан, көп мөлшерде сатып алу)	9
емделуге	10
кезекті демалысты үйден тысқары жерде өткізуге	11
табыс болмайтын (жоспарланған немесе болжамдалған) кезеңде болуы мүмкін шығындар үшін	12
күтпеген шығындарды өтеу үшін	13
ештеңеге арналмаған	14

4. Кедейшіліктің себептері мен жағдайлары**27. Сіз өзіңізді материалдық жағынан қамтамасыз етілудің (ауқаттылықтың) қандай деңгейіне жатқызатыныңызды белгілеңіз?**

қамтамасыз етілудің төменгі деңгейі (аз қамтамасыз етілген)	1
қамтамасыз етілудің орта деңгейінен төмен	2
қамтамасыз етілудің орта деңгейі (орта топ)	3
қамтамасыз етілудің орта деңгейден біршама жоғары	4
қамтамасыз етілудің жеткілікті деңгейі (біршама дәулетті)	5
қамтамасыз етілудің деңгейі жоғары (байлар, ауқаттылар, элита)	6

28-31 сұрақтарға 27-сұрақтың 1-ші не 2-ші нұсқаларын белгілеген үй шаруашылықтары жауап береді.

3-6 сұрақтың жауаптарын белгілеген үй шаруашылықтары 32-сұраққа көшеді.

28. Сіздің үй шаруашылығыңызда төменде аталғандардың қайсысы орын алады? (жауаптардың бірнеше нұсқаларын белгілеуге болады)

кейде бізде тамақ жеткілікті болмайды немесе тамақтың біз қалаған ассортименті және сапасы бола бермейді	1
азық-түлік құрамында ақуызды өнімдер (ет, сүт) жеткіліксіз	2
отбасының барлық мүшелері үшін жылдың қыс мерзіміне қажетті киім мен аяқ киім болмайды	3
тұрғын үй-коммуналдық қызметтер ақысын толық және уақытымен төлеуге мүмкіндік жоқ	4
аса маңызды дәрілерге ақша әрдайым табыла бермейді	5
көбінесе ақылы дәрігер қабылдауы үшін ақы төлей алмаймыз	6
балаларға жемісті үнемі сатып ала алмаймыз	7
балаларға мектепте тамақтануы үшін ақша бере алмаймыз	8
балаларға тәтті, дәмді тамақ, ойыншықтар сатып ала алмаймыз	9
балалар өскен сайын оларға қажетті киімді сатып ала алмаймыз	10
балалардың мектеп жасына дейінгі мекемелерде болғаны үшін ақы төлей алмаймыз	11
қажетті гигиеналық заттар жоқ	12

кезекті демалысты үйден тысқары жерде өткізу мүмкіндігі жоқ	13
тіпті арзан жиһаз сатып алуға да мүмкіндік жоқ	14
салт-жораларды ауыртпалық келтірмейтін қарызсыз ұйымдастыра алмаймыз	15

29. Сіздің үй шаруашылығыңыздың қамтамасыз етілу деңгейінің төмен болу себептерін көрсетіңіз (жауаптардың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

қандай да бір жұмыстың болмауы	1
тұрғылықты жері бойынша тұрақты жұмыс табудың мүмкін еместігі	2
біліктілік және/ немесе жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіз деңгейі	3
төмен еңбекақы	4
төмен зейнетақы	5
қолайлы жұмысқа тұру үшін білім деңгейінің жеткіліксіздігі	6
үй шаруашылығында әлеуметтік тұрғыдан бара-бар емес отбасы мүшелерінің (маскүнемдіктен, нашақорлықтан және тағы басқа азап шегетіндер) және/немесе мүгедектердің болуы	7
денсаулық жағдайының нашарлығы	8
төтенше жағдайлар, стихиялық апаттар (астық шығымсыздығы, өрт, су тасқыны, жақын адамдардан айырылу және тағы басқа) және/немесе үй шаруашылығында мүгедектердің болуы	9
ұрлық, тонау, малды айдап кету, тағы басқа себептерге байланысты мүлікті жоғалту	10
басқа себеп (көрсетіңіз)	11

30. Сіз өз материалдық жағдайыңызды қалай жақсартпа алар едіңіз? (жауаптардың бірнеше нұсқаларын көрсетуге болады)

өз бетінше	1
мемлекеттің көмегімен	2
туысқан, жақын адамдардың көмегімен	3
оны жақсартпа алмайтын шығармыз деп ойлаймын	4

31. Сіздің әл-ауқатыңыздың деңгейін арттыру үшін мемлекет тарапынан қандай көмек болуы мүмкін? (бір жауапты таңдаңыз)

жұмыс беру	1
қажетті мамандықты алу үшін оқыту немесе қайта оқыту	2
атаулы әлеуметтік көмек көрсету	3
әлеуметтік төлемдердің деңгейін жоғарылату	4
жалақыны көбейту	5
зейнетақы мөлшерін жоғарылату	6
өз ісін ашу үшін шағын кредит беру	7
басқаша (көрсетіңіз)	8

5. Әл-ауқатты субъективті бағалау

32. Сіздің әл-ауқатыңыз соңғы... жылда өзгерді ме:	1 жыл	3 жыл	10 жыл
өзгерген жоқ	1	1	1
жақсарды	2	2	2
нашарлады	3	3	3

33. Сіз қалай ойлайсыз, жақын арадағы жылда тұрмысыңыз жақсара ма?

тұрмысымыздың жақсаратынына сенімдіміз	1
толық сенімді емеспіз, бірақ жақсарады деп ойлаймыз	2
әл-ауқаттың қол жеткен деңгейінде қаламыз	3

біршама нашарлауы мүмкін			4
тұрмысымыз нашарлайды			5
34. Жақын арадағы жылда Сіз өз отбасыңызды өмірге ең қажеттілермен қамтамасыз ете алмаймын деп қаншалықты уайымдайсыз?			
өте көп уайымдаймын			1
аздап уайымдаймын			2
бейтарап қараймын			3
уайымдамаймын			4
35. Сіз ата-анаңыздың сіздің жасыңыздағы уақытынан жақсы тұрасыз ба?			
иә			1
жоқ			2
шамамен ата-анам сияқты тұрамын			3
жауап беруге қиналамын			4
36. Сіз қалай ойлайсыз, сіздің балаларыңыз сізден жақсырақ тұратын бола ма?			
иә			1
жоқ			2
шамамен біз сияқты тұратын болады			3
жауап беруге қиналамын			4
37. Сіздің материалдық әл-ауқатыңыздың өзгеруіне не әсер еткенін көрсетіңіз?			
Жақсару	Нашарлау		
жұмысқа орналасу	1	жұмыстан айрылу	1
еңбекақының, сыйақының өсуі	2	еңбекақының төмендеуі, сыйақы беруді тоқтатты	2
жұмысты ауыстыру	3	жұмысты ауыстыру	3
кәсіби деңгейінің артуына, жаңадан білім, машықтар алуына байланысты мансабының өсуі	4	еңбек рыногында сұранысқа ие мамандықтың болмауы	4
өз ісін ұйымдастыру және бизнестегі табыстың көбеюі	5	бизнестегі сәтсіздіктер	5
қосымша жұмыс	6	денсаулық жағдайының нашарлауы	6
жеке қосалқы шаруашылықты, саяжайды (жерді, малды, бақшаны) сатып алу	7	табыс бұрынғыдай болғанда бағаның өсуі	7
зейнетақының көбеюі	8	зейнеткерлікке шыққанда табыстың азаюы	8
әлеуметтік жәрдемақылар деңгейінің жоғарылауы	9	асырауында болатын адамның пайда болуы немесе олардың санының көбеюі	9
туысқандар көмегі, мұра	10	үй шаруашылығында әлеуметтік тұрғыдан бара-бар емес мүшелердің және/немесе мүгедектің болуы (маскүнемдік, нашақорлық және басқалары)	10
отбасы жағдайының өзгеруі	11	отбасы жағдайының өзгеруі	11
тұратын жерді ауыстыру	12	тұратын жерді ауыстыру	12
кредит алу	13	кредитті жоғары пайызбен өтеу қажеттілігі	13
басқа	14	басқа	14

38. Осы сәтте Сіздің отбасыңыз үшін ең басымды не екенін кему ретімен көрсетіңіз (яғни 1-ші нөмірге ең маңызды басымдық сәйкес келеді)

	Маңыздылық дәрежесі
материалдық молшылықты қамтамасыз ету	
тұрғын үй жағдайын жақсарту	
салауатты өмір салты, белсенді демалыс, туризм, спорт	
білім алу	
қоғам өміріне және саясатқа белсене қатысу	
өз бизнесін ұйымдастыру	
мансаптың өсуі	
мәдени даму (әдебиет, театр, тағы басқалар)	
саяхат жасау	
отбасы жағдайының және/немесе отбасы құрамының өзгеруі	
басқа (жазып қойыңыз)	

39. Соңғы жылы Сіздің мінез-құлқыңыз өзгерді ме? Иә Жоқ
«Жоқ» деп жауап берген жағдайда пікіртерім аяқталады.

40. Соңғы жылдары сіздің мінез-құлқыңыз, әдеттеріңіз қалай өзгерді? (бірнеше жауаптар болуы мүмкін)

Жақсару	Нашарлау		
азық-түлік өнімдерін тұтыну көлемін көбейттіңіз	1	азық-түлік өнімдерін тұтыну көлемін азайттыңыз	1
қымбатырақ (сапалы) азық-түлік өнімдерін тұтына бастадыңыз	2	арзанырақ азық-түлік өнімдерін тұтына бастадыңыз	2
үйде тұтыну үшін өз өнімдерімізді өндіруді төмендеттіңіз (қажеттіліктің жоқтығына байланысты)	3	үйде тұтыну үшін өз өнімдеріңізді өндіруді арттырдыңыз	3
ойын-сауық қызметтеріне шығыстарды көбейттіңіз	4	ойын-сауық қызметтерінің шығыстарына шек қойдыңыз	4
достарыңызбен жиі кездесетін болдыңыз	5	достарыңызбен сирек кездесетін болдыңыз	5
ақпараттық ресурстарды (газеттер, интернет) көп мөлшерде қолданатын болдыңыз	6	ақпараттық ресурстарды (газеттер, интернет) аз мөлшерде қолданатын болдыңыз	6
балаларды қымбат мектепке ауыстырдыңыз	7	балаларды қымбат емес мектепке ауыстырдыңыз	7
тіл үйрететін, компьютерлік, басқа курстарды оқитын болдыңыз	8	тіл үйрететін, компьютерлік, басқа курстарды тастап кеттіңіз	8
пайдаланылатын сақтандыру қызметтерін (медициналық, автомобильді, тағы басқа) спектрін кеңейттіңіз	9	сақтандыру қызметтерінен (медициналық, автомобильді, тағы басқа) бас тарттыңыз	9
қоғамдық көлікті пайдалануды тоқтаттыңыз (жеке көлікті пайдаланамыз)	10	қоғамдық көлікті көп пайдаланатын немесе жаяу жүретін болдыңыз	10
дене шынықтыру және спортпен айналысуды көбейттік (фитнес-орталықтарға және тағы басқаларға баратын болдық)	11	дене шынықтыру және спортпен айналысуды қойдыңыз немесе азайттыңыз	11
басқа	12	басқа	12

«Тұрмыс деңгейі. Әл-ауқатты бағалау» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 1282105, индексі U-003, кезеңділігі біржолғы) толтыру бойынша нұсқаулық

1. Осы нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Тұрмыс деңгейі. Әл-ауқатты бағалау» (коды 1282105, индексі U-003, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Байқауға тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеуге қатысатын барлық үй шаруашылықтары жатады. Байқау кезеңі тамыз болып табылады. «Тұрмыс деңгейі. Әл-ауқатты бағалау» сауалнамасын пікіртерімді жүргізуге уәкілеттігі бар тұлға жүргізеді (бұдан әрі - интервьюер).

Сауалнаманың респонденті үй шаруашылығының иесі болуы керек.

Үй шаруашылығының иесі ретінде еңбекке қабілетті жастағы жұмысы бар (әйелдер үшін 18-58 жас, ерлер үшін 18-63 жас) үй шаруашылығының мүшесі болуы мүмкін. Үй шаруашылығында еңбекке қабілетті жастағы жұмысы бар тұлғалар жоқ болған жағдайда (зейнеткерлердің немесе құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер және тағы басқа бар үй шаруашылықтары) үй шаруашылығының басшысын үй шаруашылығының мүшелері өздері анықтайды, бірақ, мұның өзінде ол қандайда бір табыс түрін иеленуі керек.

3. Титулдық парақта «Аумақтың атауы» тармағында облыстың (қаланың), ауданның (қаланың) және ауылдық елді мекеннің атауы жазылуы керек. 2-ден бастап 5-ке дейінгі тармақтар супервайзерлер интервьюерлерге ұсынған зерттелетін үй шаруашылықтарының тізімдерінде көрсетілген деректемеге сәйкес толтырылады. Пікіртерім соңында сұхбат жүргізу уақытының ұзақтығын көрсету керек.

4. «Респонденттің жалпы деректері» бөліміндегі «жасы (жыл)» және «Жынысы» сұрақтарына жауап бергенде толық жасын көрсету қажет және респонденттің жынысына сәйкес келетін ұяшықты белгілеу керек («Респонденттер тобын» қараңыз).

1-сұрақта бірінші бос ұяшыққа жазылатын үй шаруашылығы мүшелерінің жалпы саны көрсетіледі. Үй шаруашылығының уақытша жоқ мүшелері есепке алынбайды. Сұрақ тізімінде көрсетілген мәртебеге сәйкес келетін үй шаруашылығы мүшелерінің саны тиісті ұяшықта көрсетіледі. «Балалар» деген жолда 18 жасқа дейінгі жұмыс істемейтін және студент емес адамдарды көрсету

қажет. Егер үй шаруашылығы мүшесі өзін сұрақта көрсетілген бірнеше санатқа жатқызса (мысалы: мүгедектігі және жұмысы бар адам), мұндай жағдайда жауапты респонденттің өзі анықтайды және ол бір ғана санат бойынша есепке алынады. Бірінші ұяшықта көрсетілген үй шаруашылығының мүшелерінің саны, сұраққа жауаптың төменгі ұяшықтарындағы санаттары бойынша көрсетілген сандардың сомасына сәйкес келуі керек.

2, 4-сұрақтарда жауаптың қажетті нұсқасын белгілеу керек.

3-сұрақта алдымен келген айы, содан кейін жылы көрсетіледі. Келген айы туралы деректер болмаған жағдайда тиісті ұяшықтар бос қалдырылады.

5-сұрақта жауап нұсқаларының астындағы бос торкөздерде респондент бір жыл және одан ұзақ тұрған жақын және алыс шетел(дер)ді көрсетуі керек.

6-сұрақта ұсынылған нұсқалардың ішінен жауаптың тиісті мәнін белгілеу керек, жауап нұсқасы бірнешеу болуы мүмкін, мұның өзінде:

жауаптың 4.1-нұсқасын Қазақстан Республикасына оралмандар иммиграциясының рұқсат етілген үлесі (квота) бойынша көшіп келген, елге келгенде «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңына сәйкес жеңілдіктермен, өтемақылармен және біржолғы жәрдемақылармен қамтамасыз етілген респонденттер көрсетеді;

4.2-нұсқа - саяси сенімдері, нәсілдік, діни наным, азаматтық, ұлттық белгілері, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойынша қудалау құрбаны болуы мүмкін екендігінің негізделген қауіп төнуі себепті өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде тұруға мәжбүр болған және осындай қауіп салдарынан өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе қорғауын пайдаланғысы келмейтін шетелдіктер немесе осындай қауіп салдарынан өзінің бұрынғы тұрғылықты елінен тыс жерде тұрып жатқан, оған қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін азаматтығы жоқ адамдар.

4.3-нұсқа – еңбек әрекетін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден көшіп келген жеке тұлғалар.

4.4-нұсқа – Қазақстан Республикасына отбасына қосылу үшін шет елдерден келген жеке тұлғалар.

5. «Жұмыспен қамтылу» бөлімінің 7-8 сұрақтарында жауаптың бір нұсқасы таңдалынып және белгіленеді.

9-сұраққа жауап беруде белгіленуі тиіс бірнеше жауап болуы мүмкін.

10-11 сұрақтарда жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

12-сұраққа үй шаруашылықтарының жұмыссыз басшылары, яғни жұмысы жоқ және оны іздеушілер, сонымен қатар жұмыспен қамту органдарында тіркеуге тұруы міндетті емес, сондай-ақ жаңа жұмыс іздеп жүргендер жауап береді. Жауап беруде белгіленуі тиіс бірнеше нұсқасы таңдалынуы мүмкін.

13-сұраққа үй шаруашылығының басшысы немесе оның мүшелері жеке ісі

болса (жеке кәсіпорыны, фермерлік шаруашылығы немесе кәсіпорында үлестік қатысуда меншігі бар) «Иә» деп жауап береді, ал жеке қосалқы шаруашылығы, патент және патентсіз жеке қызметпен айналысатындар оған кірмейді.

14-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

15-сұрақта жауап беруде белгіленуі тиіс бірнеше жауап болуы мүмкін.

16-сұраққа жеке ісі жоқ үй шаруашылықтарының басшылары жауап береді. Жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

17-сұрақта торкөздерде жауаптың орын алған барлық нұсқаларын белгілеу керек, олар бірнешеу болуы мүмкін.

6. «Үй шаруашылығының табыстары» бөлімінің 18 сұрағында үй шаруашылығының бір айда орташа есеппен алатын ақшалай табысын (үй шаруашылығының барлық мүшелерінің ақшалай табыстарының сомасын) көрсету керек. Егер соңғы жыл ішінде алынған орташа айлық ақшалай табысты анықтау мүмкін болмаса, соңғы айда алынған табыс мөлшері бойынша әдеттегідей болса, онда соңғы айдағы ақшалай табысты көрсетуге болады. Табыстың жалпы сомасына табыстың барлық түрін қосу керек (соның ішінде әлеуметтік көмек, алименттер, туысқандардың көмегі, жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты, мүмкіндігінше толық есептей отырып және б а с қ а л а р ы) .

19-сұрақта «Маңыздылық дәрежесі» бағанында күнкөрістің бар қаражат көздерін түгел белгілеу қажет, үй шаруашылығы үшін әрбір белгіленген қаражат көзінің «маңыздылық дәрежесін» көрсететін цифрлар тиісті торкөздерге кему тәртібімен қойылады. Күнкөрістің негізгі қаражат көзін 1-нөмірмен, одан кейін маңыздылығының кемуі шамасына қарай 2, 3, 4 және тағы сол секілді қойылады. «Мемлекеттік жәрдемақыға» мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлері кіреді: мүгедектігі бойынша, әскери қызметкерлердің отбасыларын қоса есептей отырып, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты (зейнетақы алу үшін еңбек өтілі жоқ болғанда) берілетін жәрдемақыларды қамтиды. Сондай-ақ мұнда арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлері: Ұлы Отан Соғысы мүгедектері мен қатысушыларына, Ұлы Отан Соғысы мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдарға, Ұлы Отан Соғысында қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне, Ұлы Отан Соғысында қайтыс болған мүгедектерінің әйелдеріне (ерлеріне), «Кеңес Одағының батырларына», қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, тылда еңбек еткендерге, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушыларға, 1,2 және 3 - топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға, төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, ақталған азаматтарға, сол сияқты баланың

туылуына байланысты және 1 жасқа дейінгі балалар күтіміне берілетін
ж ә р д е м а қ ы л а р ж а т а д ы .

20-сұрақта үй шаруашылығында орын алатын (олар бірнешеу болуы мүмкін)
жауаптың барлық нұсқаларын торкөздерде белгілеу керек.

21-сұрақта жеке қосалқы шаруашылығы бар үй шаруашылықтары жауап
береді. Яғни алынған өнім негізінен жеке тұтыну үшін қолданылатын
шаруашылықтар жауап береді. Жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

22-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

23-сұрақта бір айда үй шаруашылығына керек толық қажетті мұқтаждықты
қанағаттандыру үшін ақшалай табыстың сомасы жазып алынады.

24-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

25-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

26-сұраққа 25-26 сұрақтарға 24-сұраққа оң жауап берген, яғни жинақтары бар
үй шаруашылықтары жауап береді, сонымен бірге 26-сұраққа жауап бергенде
жауаптардың үй шаруашылығында орын алған барлық нұсқаларын (олар
бірнешеу болуы мүмкін) торкөздерде белгілеу керек.

7. «Кедейшіліктің себептері мен жағдайлары» бөлімінің 27-сұрағында
жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

28-30 сұрақтарда үй шаруашылығында орын алатын барлық жауаптың
нұсқаларын торкөздерде белгілеу керек (олар бірнешеу болуы мүмкін).

31-сұрақта жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

8. «Әл-ауқатты субъективті бағалау» бөлімінің 32-сұрағында кезеңнің әрбір
бағаны бойынша жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді.

33-36 сұрақтарда жауаптың бір нұсқасы таңдалынып, белгіленеді. Сонымен
қатар 35 және 36-сұрақтарға ата-аналары бар (болған), балалары бар (
жоспарлайтын) респонденттер жауап береді.

37-сұрақ 32-сұрақтың «жыл» бағанына байланысты бірінші «өзгерген жоқ»
нұсқасын таңдаған респондентке қойылмайды. «Жақсару» бағаны бойынша 32-
сұрақтың «жыл» бағанына байланысты жауаптың 2-нұсқасын таңдаған үй
шаруашылықтары жауап береді. Торкөздерде көрсетілген себептердің ішінен үй
шаруашылығының материалдық әл-ауқатының жақсаруына ықпал еткен
себептердің барлығын белгілеу керек. Қандай болса да басқа себептерді «басқа»
бағанында көрсетеді. «Нашарлау» бағаны бойынша 32-сұрақтың «жыл» бағанына
байланысты жауаптың 3-нұсқасын таңдаған үй шаруашылықтары жауап береді.
Торкөздерде көрсетілген себептердің ішінен үй шаруашылығының материалдық
әл-ауқатының нашарлауына ықпал еткен себептердің барлығын белгілеу керек.
Қандай болса да басқа себептерді «басқа» бағанында көрсетеді.

38-сұрақта «Маңыздылық дәрежесі» бағанында үй шаруашылығы үшін
белгіленген тіршілік басымдылығының әрқайсысының маңыздылық дәрежесін

аса мүдделі емес, неғұрлым селқос	2	онша жақсы емес, қайталауға тура келді, түсініктеме беру	2	ашық, шынайы	2	сенімді
шыдамсыз, тынымсыз	3	нашар, түсіндіру қиын болды	3	ұяң, шынайы емес	3	сенімсіз
күйгелек, кекеткіш	4			өте ұяң, шынайы емес	4	тіпті сенімсіз

№ стр.	статистикалық сауалнама бөлімінің №	Статистикалық сауалнама бөлімдері бойынша сұрақтар нөмірлерін көрсетіңіз:												
		1. респондентке түсінуге қиын болған				2. респондентің теріс сезімдер тудырған				3. жауап беруге құлы болған (жауап беруден тарту)				

Пікіртерім жеке сұхбат әдісінің нұсқаулығына сәйкес жүргізілгенін мен куәландырамын.

Интервьюердің толық аты-жөні _____

Интервьюердің қолы _____

Супервайзердің толық аты-жөні _____

Супервайзердің қолы _____

**СТАТИСТИКАЛЫҚ НЫСАНДЫ (САУАЛНАМА) ТЕКСЕРУ БОЙЫНША
ЕСКЕРТУЛЕР**

-> (бағыттап тұрған белгі)